

АКМЕШТ ЖАСТАРЫ

Жаннан қымбат оларға ар. Мен жастарға сенемін.



Магжан
№ 20 (453)
19 мамыр, 2022 жыл

6+



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

Назерке РАХМЕТОВА, «Celiak-Kuzylorda» қоғамдық бірлестігінің төрайымы:

Қоғам үшін бейтаныс тақырыпты, ауқымды мәселені арқау еткен бірлестіктің жұмысы өте маңызды. Себебі бұл диагнозды көпшілік біле бермеген соң ата-аналардың жанайқайын түсіне алмайды. Осы аптада біз бірлестік төрайымы Назерке Рахметовамен тілдесіп, өңірдегі ахуалды талқыладық.



«Celiak-Kuzylorda» – облыс бойынша целиакия диагнозымен есепте тұрған балалардың бір-бірімен жақын араласып, қоғамда бөлсенді өмір сүруіне және өз құқықтарын біліп, өм алуға бағыттау мақсатында құрылған бірлестік.

– Назерке Қадрияқызы, целиакия диагнозы қоғамда жиі айтыла бермейтін дерт. Сондықтан сұхбатымызды бірлестіктің мақсаты және аурудың басты белгілерінен бастасақ...

– «Celiak-kuzylorda» бірлестігі биыл наурыз айында Әділет департаментінде бекітіліп, жұмысын бастады. Біз бірлестікті целиакия диагнозымен тілдеме тұрған балаларымызды қоғамға таныстыру, бөлсенді араластыру мақсатында құрдық. Себебі бұл аурудың ауырталығы көп, бірақ олардың қоғамнан шеттеп қалғаны дұрыс емес деп ойлаймын.

Целиакия – асқазан-ішек жолдарының созылмалы ауруы. Ашы ішектің глиадина-клейковинаны (бидай сынды дәнді дақылдар тұқымы құрамында болатын аса бағалы белокты зат) дұрыс сіңіре

алмауына байланысты болады. Сәбидің алты айлық кезінен екі жасқа дейінгі аралықта байқалады. Ауру сәбидің құрамында глиадина – ақуызы мол тамақ (нан тағамдары, майда жарма ботқасы, әртүрлі кондитерлік тағамдар) бергенде іші өтумен сипатталады. Кейде аурудың белгісі сәбиді жасанды жолмен қоректендіргенде де байқалады. Сәбидің ішкен тамағы ішінде тұрмай, ашы ішектің қоректік заттарды сіңіруі төмендейді. Организмде зат алмасу процесі бұзылып, арықтай бастайды. Баланың ешнәрсеге зауы болмай, жылай береді, соның салдарынан ұйқы бұзылады және ұйқы безі зардап шегеді. Іші қампып, кебеді. Ауру асқынғанда сәбидің организмі ақуыз плазмасымен бірге май қышқылдарын да жоғалтады, соның салдарынан Д витаминінің сіңіруі төмендеп, балада рахит, остеопороз аурулары пайда болады, тіске қаріес түсіп, тіпті сүйегі жұмсарыды, сынғыш келеді.



«ОТАН-АНА» ОРАЛҒАН КҮН

Батырхан Шөкеновтің 80 жылдығына арналған «Отан-Ана» республикалық әншілер конкурсы бұған дейін де ұйымдастырылған болатын. Республикалық конкурстың 2-кемі бойынша өтеді. Байқаудың негізгі талабы – қатысушылар жаңды дауыста өнер көрсету керек. Өр кезеңінде жас таланттар вокалдык мүмкіндігін паш етіп, көптің ықыласына бөленуге тырысады. Жылдар бойы байқаудың мән-маңызы артықшылық қазылар алқасының құрамы мен қатысушылар санынан аңғару қиын емес. Биыл байқауға халықаралық конкурстардың лауреаты, композитор Ринат Ғайсин, Сыр елінің туғасы, ҚР Мәдениет сапасының қайраткері, әнші Медина Садуақасова, Құрмет орденінің иегері, мәдениет саласының үздігі Қайрат Баекенов және халықаралық байқаулардың лауреаты Сәбит Ылықпанұлы қазылық етті.

Расында, дәстүрлі байқауға қатысуға неміз білдірген дарындар қатары жыл санап артууда. Мәселен, биыл «Отан-Ана» республикалық әншілер конкурсына 20 өнерпаз қатысты. Олар Батырхан Шөкеновтің репертуарынан өн орындап, өзара сайысқа түскен болатын.

Байқаудың ашылу салтанатына қатысқан аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев Батырхан Шөкеновтің таланты тулғаны өмерге әкелген анасы Дилара Ибрагимқызына Сыр жалғы атынан құрмет білдіріп, мына сөзді қамал жатты. Жылдан әншілер қауымы өнер көпінде бйікке самғаған Батырханның өнеріне құрмет-қошеметін көрсетті. Өшнінің қазақ мәдениетіне қосқан үлесіне баса назар аударған облыс әкімі қатысушыларға сәттілік тілеп, Батырхан Шөкеновтің есімі маңғы Сыр жұртышылығының есінде екенін жеткізді.

2-кезеңге созылған сайыста әншілер өз бағытта шығарма орындап, мүмкіндігін көрсетуге тырысты. Байқауда Б.Шөкеновтің әндерінен бөлек қазақ және шетел туындылары да шырқалды. Қазақстанның түпкір-түпкірінен жиналған үміткерлер өзара мықтыны

– Батыр ағамыздың құрметіне ұйымдастырылған республикалық байқау жоғары дәрежеде өтті. Ел байқауға қатысушы өнерпаздардың барлығы дерлік мықты. Себебі Батырхан Шөкеновтің шығармашылығындағы әндерді орындау кез келген өнерпаздың қолынан келмейді. Сондықтан Сыр перзентінің шығармашылығы,



Сыр елінің дарынды перзенті Батырхан Шөкеновтің өнері, жас әншілерге үлгі. Әлеуметтік желіде де өнерпаздың шығармаларын жаңа бағытта өңдеп, өзгеше әдіспен жеткізе білген таланттар қатары артып келеді. Сыр өңірінде дәстүрлі Батырхан Шөкеновті еске алу, оның сыршыл іріміге толы өрбір туындысын насихаттау бағытындағы «Отан-Ана» байқауы да осы үрдістің жалғасы. Биыл да аталған сайыс жоғары дәрежеде өтіп, өн өлеміндегі жаңа есімдер белгілі болды.

ды Аяғез Аралбайқызы, Азамат Бекбергенов, Жанасыл Елубаев, Алдана Риза өзара бөлісті. Шара соңында әділ қазылар ұйымдастырушылар мен Батырхан Шөкеновтің шығармашылығын дәріптеуге үлес қосқан азаматтарға алғыс білдіріп, дәстүрлі байқау жалғасын табатынын атап өтті.

өндері, қайталанбас тулғасы ешқашан өшпейді. Сыр елінің терізде өтіп жатқан байқау әрі қарай жоғары дәрежеде жалғасатынына сенемін. Ұйымдастырушыларға ерекше алғыс білдіремін, – деді Ринат Ғайсин.

Берен ШАҒЫРӨВ

Қадірбектің сегіз жылдық тәжірибесі ұялы телефон жөндеуді жетік білуге үйретті. Заман ағымына сай техникалық эволюция өрісіне ілесуге де ой-зерде, шеберлік керек.



Бүгінде дамудың даңғыл жолына түскен ұялы телефон операторлары сымсыз байланыстың сергек сипаты саналады. Ал ондай өренің жемісін жете тану үшін ақыл, іскерлік, шеберлік, тәжірибе тәпті мүмкіндік береді. Біздің кейіпкерде табиғат тарту еткен таным бар. Табиғаттың тартуына терең бойлау үшін Қыдырбек

көп уақыт жұмсаған. Жақында ұялы телефонның жаңа өл-сатте реттейтін маманның қызметімен танысып қайтық.

АЛҒАШҚЫ ТАБЫСЫ – 1500 ТЕНҒЕ

Мектеп бітірісімен тіршілігін түгендеген Қыдырбек 2014 жылы қаладағы «Жайна» сауда дүкеніндегі телефон жөндеу орталығына тап болады. Өу баста мықты маман саналатын ұсталар бозбаланы қалың топқа қоса қоймаған. Жеті күн жүріп, Қыдырбектің қолына жалғыз телефон тиеді. Смартфонды қуаттайтын тетігін алмастыруға бір күндік жұмысын арнаған жас маман алғашқы еңбекқысын ұмытқан емес. Адал еңбекпен тапқан жалақысы – 1500 теңге. Маңдай термен тапқан қаржы Қыдырбектің алға жылжуына септігін тигізсе керек. Былайша айтсақ, телефон қуаттайтын қызметті ауыстыру ең жеңіл жұмыс

саналады екен. Дегенмен жас маман ау баста ақауын табуға ниеттеніп, 5 смартфонды істен шығарып, істерін жаңа телефон алып беруге мәжбүр болған. Тәжірибесі толысып, шаһардағы ұздік маман болған Қыдырбек ең алғашқы қызметін тебірінсінен еске алады.

ТЕЛЕФОН ТАҢДАУДА МҰҚИЯТ БОЛҒЫҢЫЗ!

8 жыл ішінде 15 мыңнан аса телефонды қалыңға келтірген маманнан смартфон таңдауда нені аңғарған жөн деп сұрау әлдеқай. Ойлап-бастан ең әуелі бөлшеп табылатын телефон ұстауға кеңес берді. «Телефон дегеніңіз автокөлік секілді. Бөлшеп табылса іске асады, табылмаса қорқыс жөшіліне тастауға тура келеді. Мейлімше iPhone, Samsung, Huawei-ден артығы жоқ. Мысалы, қазір телефон модельдері көбейді. Lenovo, redmi, oppo-ның, realmi, redmi сынды смартфондар қызу сатылымда. Бірақ аталған



маркалардан ақау шықса, жөндеуге әуре болмаған жөн. Өйткені нарықта бөлшектері табыла бермейді. Сондықтан телефон таңдауда мұқият болу керек» деп кеңес берді ол.

ЕҢ ЖИ ІСТЕН ШЫҒАТЫН ТЕЛЕФОН

Өңіме барысында Қыдырбектің қызметі де қызып барады. Келушілер қатары көп, қалың сұрағымызға да жауап беріп үлгеруде. Диалог арасында ең жиі бұзылатын смартфонды сұрап алдық. «Менің пайымдауымша, ең жиі бұзылатын – Samsung. Өйткені осы уақытқа дейін 15 мыңнан аса телефонды жөндеуден өткіздім. Соның тең жартысынан көбі – Samsung. Бірақ Samsung-тың бөлшегі көп. Кез келген механизмге бөлшек табылады. Өйтеуір іске асады. Ал iPhone-да айқын деген мәселе бар. Егер блокқа тосса, жана телефон сатып алуға тура келеді. Істен шыға қоймайтын Huawei-дің өз кемшілігі бар. 2020 жылдан бастап Huawei play market-пен келісімді тоқтатып, мәзірін әсіретіп алды.

Жалпы телефонның ең жиі істен шығатын бөлшегі – экран, платасы. Ең қымбат құрайттын бөлшегі. Ел қымбат қран Samsung S20-ға тиесілі. Экранның құны – 195 мың теңге. Оған ауыстыру қызметін қосынды. Міне телефонның осындай құдіреті бар», – деп жауап қатты.

МАМАН ДАЯРЛАУ ҚАЖЕТ

Қыдырбек қызметінен ләззат алады. Өзінің білгенін өзгеге үйреткісі келетінін өңімісінен байқайды. «Бізде техникалық колледждердің түр-түрі бар. Бірақ сол оқу орындарында ұялы телефон жөндеуге машықтайтын маман мен мамандық жоқ. Бұл да көсіптің бір түрі. Үйренген, білген адам жерде қалмасы анық. Өйткені бір отбасының өзінде 5-6 смартфон бар. Қызылорда қаласында шамамен 350 мың топтың арасынан сұрағымызға да жауап беріп үлгеруде. Диалог арасында ең жиі бұзылатын смартфонды сұрап алдық. «Менің пайымдауымша, ең жиі бұзылатын – Samsung. Өйткені осы уақытқа дейін 15 мыңнан аса телефонды жөндеуден өткіздім. Соның тең жартысынан көбі – Samsung. Бірақ Samsung-тың бөлшегі көп. Кез келген механизмге бөлшек табылады. Өйтеуір іске асады. Ал iPhone-да айқын деген мәселе бар. Егер блокқа тосса, жана телефон сатып алуға тура келеді. Істен шыға қоймайтын Huawei-дің өз кемшілігі бар. 2020 жылдан бастап Huawei play market-пен келісімді тоқтатып, мәзірін әсіретіп алды.

Ерасыл ШӨРІБЕК
Суретті түсірген:
Н.НҰРЖАУБАЙ

ТЕЛЕФОННЫҢ ТІЛІН ТАҢДАУ...

Салық төлеу – заң мен талапқа бағынатын қоғамдағы қалыпты үрдіс. Мемлекеттің дамуы мен экономикалық әлеуеттің әлеуеттің артуына да салық кірісінің ықпалы зор. Сондықтан саладағы өзгеріс пен жаңашылдық кіріс көлемін арттыруға ғана емес, құқықтық артықшылықты дамытуға жағдай жасайды десек артық емес. Осы орайда «Салық төлеудегі көп өзгерістің мәні неде?» «Жыл басынан бері қолға алынған бастамаларды ұтымды тусы қайсы?» деген сауалдың жауабын білу кімге болмасын артық өтпесі анық.

Тақырыпты саладағы цифрландыру жайынан бастасак. Биыл Мемлекеттік қорғау комитеті «e-Salyq Business» мобилді қосымшасын әзірлеп, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосқан болатын. Бұл айтулы жаңалықтың біріне айналды. Себебі жаңа цифрлық шешім жеке кәсіпкерлерге салық төлеуді жеңілдеті отырып, жаңадан тіркелген кәсіпкерлерге ыңғайлы жағдай туғызуда.

Мобилді қосымшаның артықшылығы да айтарлықтай. Онда жеке кәсіпкер ретінде тіркелуге, салық режимін таңдауға немесе өзгертуге, чек беруге, кірістер тізімін қалыптастыруға мүмкіндік бар. Оған қоса салық пен әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін қызметкерлердің кіріс есебін жүргізуге де болады екен.

Патент негізінде арнаулы салық режимін қолданатын кәсіпкер «e-Salyq Business» мобилді қосымшасының пайдаланушылары бола отырып, патент құнының есеп-қисабын ұсынудан және табыс алғанға дейін алдын ала (аванспен) салық және әлеуметтік төлемдерді төлеуден босатылады.

Осындай артықшылыққа ие қосымша «Play Market», «App Store» және «App Gal-ley» алаңдарында қолжетімді.

САЛЫҚҚА САЛҒЫРТ ҚАРАУҒА БОЛМАЙДЫ

Мемлекеттік кірістер комитеті де қосымша туралы ресми ақпарат таратқан еді: «Қосымша мүмкіндігіне қарай осы жылы да функцияналын кеңейту бөлігінде. Оның ішінде өткен жылдың соңында Ақмола және Жамбыл облыстарында өткізілген пилоттық жобалар қатысушы кәсіпкерлердің ұсыныстары бойынша жетілдірілетін болады. Мысал ретінде, биыл жеке кәсіпкер қызметкерлерімен еңбек шарттарын есепке алу бойынша

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің тиісті ақпараттық жүйесімен еңбек шарттары туралы ақпарат алмасу жұмыстарын жүргізу жоспарланған», – деп атап өтеді комитеттен.

Салық төлеудегі биылғы жаңалықтың қатарында әлеуметтік кәсіпкерлер салығы да бар, яғни елдегі «әлеуметтік кәсіпкер» статусына ие кәсіпкерлер бірқатар жеңілдікке ие болатыны бұрын да айтылған. Көп өтпей Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікке қатысты заң биыл қаңтарда күшіне еніп, оң өзгеріс орын алды. Алайда аталған заңның бағдарлы мақсаты әлеуметтік кәсіпкерлік бизнесменнің кірісін молайтуды көздемейді. Негізгі жоспар – қызмет көрсету мен тауар өндіру арқылы қоғамдағы әлеуметтік проблемаларды шешуге ықпал ету.

Жалпы «әлеуметтік кәсіпкер» деген кім? Алдымен осыны аңдап алайық. Мамандардың сөзінше, кәсіпкер бұл санатқа халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмысқа тарту арқылы ене алады. Атап айтқанда, ерекше қажеттілігі бар, егде жастағы және зейнет жасына жақындаған адамдар, түрмеден босап шыққандар, жетім балаларды жұмыспен қамту қажет. Қолдан келетін тірлік болып көрінгенімен мұндай қадамға барған кәсіпкердің саны әлі көбеймей отыр. Мәселен, жыл басынан бері республикада тек екі әлеуметтік кәсіпкер тіркелген. Бұған басты себеп аталған статустың мәні мен артықшылығын түсінбей де жатса керек.

БАҚ өкілдеріне берген ақпаратта Ұлттық экономика министрлігі саясат және кәсіпкерлікті дамыту департаментінің директоры Эрик Жамбылов бұл өзгерістің былай түсіндірген.



«Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау үшін бірқатар ынталандыру шарасы бар. Мәселен, ерекше қажеттілігі бар кәсіпкерлер саны 51%-ке жететін ұйымдар корпоративтік табыс салығынан, әлеуметтік және жер салықтарынан босатылады. Сондай-ақ мүлікке салық салу кезінде жеңілдіктер жасалады», – департамент директоры.

Алайда мамандар аталған статуста артық қаржы береді деген жанақс ойдан аулақ болуға шақырады. Яғни, әлеуметтік кәсіпкерлікке қосымша қаржы бөлінбейді. Оған қоса әр тоқсан сайын реестр жанарып отырады. Өндірік комиссиялар әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің өтінішін қарап, ұлттық экономика министрлігіне өткізеді. Кейін ведомство кәсіпкерлерді реестрге тіркеу-тіркемеу шешімін шығарады. Демек, оңай олжа мен жалған ақпаратқа жол жоқ.

Сөзсіз, саладағы тың бастаманың бірі – «Салық төлеуші паспорты». Есте болса, биылғы жылдың 1 наурызынан бастап сауда және қоғамдық тамақтандырумен айналысатын кәсіпкерлерге салық төлеуші паспорты енгізілген болатын. Кәсіпкерлердің ақпараттық картасы саналатын салық төлеуші төлқұжатында ЖСН, салық төлеушінің аты-жөні, салық төлеуші мәртебесі, тіркеу күні секілді маңызды ақпарат қамтылған. Төлқұжат QR код түрінде жасалып, касса

арқылы тиісті мекемелер тамақтандыру, сауда саласында істейтін кәсіпкердің төлеген салығын бақылауға жол ашады.

Жалпы салық төлеуден жалтару және кешіктіріп төлеу қаржылық-құқықтық қиындық бастауы екені даусыз. Оған дәлел – көлік салығы. Өткен жылға төлейтін көлік салығының мерзімі 1 сәуірде аяқталатынын ескерсек, маңызды жаңалықтың шеті көрінеді. Себебі 2 сәуірден бастап салық сомасын уақытылы төлемеген азаматтардың есепшоты бұғатталуы мүмкін.

Бұл бірден оқпалық орын алады дегенді білдірмейді. Алдымен арнайы хабарлама келіп, ескерту беріледі. Осы орайда мамандар бәрішек сомасы бойынша хабарлама түскеннен кейін 30 жұмыс күні ішінде қарады төлеуге кеңес береді. Өйтпесе, сот орындаушы шоттарды бұғаттау, елден шығуды шектеу, салық берешегі сомасының 25 пайызын өндіріп алуы ықтимал. Сондықтан келенсіздіктің алдын алу үшін салыққа бейжай қарамау маңызды.

Берен ШАҒЫРОВ

Үздіктердің білімі мен қабілеті сығна түсетін бұл жоба аясында талай таланттың жаңа туындылары дүниеге келді. «SHEV-RO» компаниясы ұйымдастырған тартысты байқауда Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері Темірлан Абжанов пен Ислам Жауынбай жеңімпаз атанды.

Байқауда білім

өсерінен денсаулыққа пайдалы, қоршаған ортаға зиянсыз транспорт түрін қолданудан бас тартатындар бар. Біз «Sustainability Living Lab» конкурсына қатысу арқылы университет



«Sustainability Living Lab» – оқу орындарының кампусын жаңа бағытта дамытуды мақсат еткен бірегей конкурс.



алушылар «Bike Parking» жобасын таныстырып, 800 мың теңге грант иеленді. Тек қана университет кампусына ғана емес, қоршаған ортаға да пайдалы «Bike Parking» енді студенттер үшін қолжетімді болмақ.

– «Bike Parking» – университетіміздің оқу ғимараты алдында велотұрақтарды қоюға бағытталған жоба. Бүгінде қалада велосипед айдайтын жастар көбейді, бірақ көліктің бұл түрін қауіпсіз орналастыру үлкен мәселе болатынын байқадық. Осы фактордың

«3.2.1. Старт»: жаңа жоба, үздік нәтиже

инкубаторының резиденттері. Қазіргі уақытта жастар кәсіпкерлігі орталығында 40 студент тіркелген. Оқу орны тарапынан жас кәсіпкерлерге тиімді түрде жұмыс орыны беріліп, жобаларына инвестор тарту бойынша қолдау көрсетіліп келеді. Соның бір дәлелі жуырда ғана университет қабырғасындағы жас кәсіпкерлердің жобасы қаржылай қолдау тапты.

Елордада өткен «3.2.1. Старт» әлеуметтік жобасының жастар үшін жөні бөлек. Себебі

байқауда 18-35 жас аралығындағы жастар БҰҰ-ның тұрақты мақсаттары бойынша өз жобаларын таныстырады. Жас кәсіпкерлердің бизнес идеялары білім беру, таза энергия, су, қиынсы қайта өңдеу мәселелерін шешуге бағытталған. Осындай ауқымды байқау алаңында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі «Business Start» инновациялық жобаларды іске асыру орталығының басшысы Жанарыс Түбеев пен студент Айдыс Елшібек жеңімпаз атанып, 1 миллион теңге иеленді. Олар байқауға «қаржылық сауаттылықты дамыту платформасы» жобасын ұсынып,

үздіктер арасынан іріктелген. Олай дейтініміз, саясқа 300-ден аса өтініш келіп түсіп, негізінде 40 жоба жартылай финалға өткен. Ал комиссия мүшелері сол жұмыстардың қатарынан аяқтық саясқа 10 жобаны іріктеліп алған.

Айта кетейік, жоба 2016 жылдан бері ұйымдастырылып келеді. Осы уақытқа дейін 15 жеңімпаз анықталып, жобаларын дамыту үшін қаржылай қолдау көрсетілген.


Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

Қызылорда облысында 15 наурызда ашылған Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығынан екі айда 105 адам кеңес алды.

Олардың басым бөлігі – қала тұрғындары. Орталыққа келген қыз-келіншектердің 38 пайызы кәсіпкер айналысушылар, қалғандары жанадан ісін ашуды жоспарлап отыр.

Кәсіпкерлер палатасындағы Іскер әйелдер кеңесінің төрайымы Жанна Аманова қыз-келіншектерге менор болып, бағыт-бағдар беріп жатқанын жеткізді.

«Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы – мықты жоба. Қазір кәсібің ашықсы келетін арулардың қатары артып келеді. Мысалы, Қызылорданың өзінде кеңес алған жүзден астам қыз-келіншектің 60 пайыздан астамы жанадан іс бастап көрімек. Осы кеңес алған қызылорда-



BUSINESS LADY: КӘСІПКЕ КЕҢЕС

уақытта курсқа қатысушыларды әркісісімен тәлімгерлер арнайы жұмыс істейді. Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығының мамандары жыл соңына дейін бірнеше оқыту курсы өткізуді жоспарлап отыр. Ол үшін аймақтағы қыз-келіншектер орталыққа келіп немесе хабарласып, қызығушылық танытқан саласы бойынша сұраныс жасай алады.

Жалпы әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы еліміздің барлық өңірінде ашылған. Жобаны Азия даму банкінің қаржылай қолдауымен Қазақстандағы БҰҰ Даму бағдарламасы мен «Атамекен» ҰҚП жүзеге асырып жатыр.

Айта кетейік, аймақта кәсіпкер айналысымен деген неәзікандылардың Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасындағы Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығынан кеңес алына мүмкіндігі бар.

Жалғасы. Басы 1-бетте

Назерке РАХМЕТОВА, «Celiac-Kyzyorda» қоғамдық бірлестігінің төрайымы:

«ЦЕЛИАКИЯМЕН КҮРЕСЕТІН БАЛАҒА КӨМЕК КЕРЕК»



— Дерттің пайда болу себебі неде? Медицина бұл ауруға толық ем ұсына ала ма?
— Баланы дер кезінде емдемесе түрлі қауіпті ауруларға шалдығуы мүмкін. Бұл аурудың негізгі емі — үнемі диета ұстау, ас мәзірінен глутелин ақуызы бар тамақты шығару, ферментті препараттар беру. Ал диетаның сақталуы шетелдерде өндірілетін арнайы глютенсіз өнімдерге тікелей байланысты әр осы өнімдерге балалар мұқтаж. Дәрігерлер мен ғалымдар целиакияның даму себебін анық білмейді. Тек тұқым қуалаушы дерт ретінде қарастырады.

Целиакиямен ауыратын ересектер мен балаларға психологиялық көмек қажет. Әсіресе балалардың өтпелі кезеңдерінде қоршаған ортаның, ата-анасының, мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің сонымен қатар емдеуші дәрігерінің көмегі аса қажет.

— Өткен аптада бірлестіктің ұйымдастыруымен «Целиакиямен жаңа әлемге қадам» атты ақуымды шара өтті. Байқағанымыздай, бұл дертпен ауыратын балалар үшін әлі де болса мемлекет тарапынан

қолдау қарастырылмаған. Сондықтан ата-аналардың көтерген негізгі мәселелерін тарқатып айтты беріңізші...
— Иә, осы диагноз қойылған балаларды қоғамға таныстырып, білім, медицина, әлеуметтік сала мамандарынан көмек алу мақсатында іс-шара өткіздік. Жұмыс барысында ата-аналар, балалар, қалалық мәслихат депутаттары, дәрігерлер мен әлеуметтік сала мамандары кеңінен ой бөлісті. Бүгінде республика бойынша 438 адам осы дертпен ескеп тіркелген. Оның 321-і балалар. Ал облыс көлемінде 40-қа жуық балаға осы диагноз қойылған.

Ата-аналар алдындағы бірінші мәселе, Қызылорда облысында глютенсіз тағамдар қолжетімсіз. Олар бәрін Алматы, Астана сынды үлкен қалалардан тапсырыспен алдырып отыр. Айына тек қана үш мақарон, печенье сынды заттармен шектеліп, қалғандары текетіп азық-түлік бағасы 100 мың теңгені құрайды. Өйткені бір келі ұнның бағасы 3700 теңге, ол тек екі нан пісіруге жетеді. Бұл баланың емі, қосымша дәрумендері, массаж, керекті мамандарға барып қаралуына қаржы

артылмайды дегенді білдіреді. Осы диагноз қойылған балалар саны аз болған соң глютенсіз үн өзімізде өндірілмейді. Сондықтан қарақұмық, жүгерінің ұны Италия, Германия сынды шетелдерден жеткізіледі. Басқа мемлекеттерде глютенсіз тағамдармен кез келген жерден (кафе, асхана) алуға болады. Ал бізде мұндай мүмкіндік жоқ, сол үшін көбіне баламызды қонаққа апармауға тырысамыз. Тіпті біздегі емханаларда глютенсіз тамақ берілмейді, сол үшін үш мезгіл тамақты үйден апарамыз. Спорттық секцияларға қатысуға да шектеулер көп.
Екінші мәселе, балалар жүгіріп ойнап жүрсе де, аяқ астынан ауырып қалады. Сондықтан білім беру орнындағы мұғалімдер мен психологтар балаға түсіністікпен қарағанын қалаймыз. Бұл диагноздағы балалар алты ай сайын ем алу қажет, бірақ ата-аналар портал кезеңін ұзақ күтеді. Тағамдармен қоса дәрінің жеткіліксіздігі де бізді алаңдатады. Кейбір дәрінің құрамында глютен бар, сондықтан аса сақтық қажет. Тіпті бұл жағдайда балаға медициналық спиртті де қолдануға болмайды. Сол үшін жиында ата-аналар

референдум аясында заңға өзгеріс еніп, көмек көрсетілсе деген ұсынысын баса айтты.
Сондай-ақ бала 18 жасқа толғаннан кейін мүгедектік санатына шығарылады. Ал бұл ата-ана үшін қиын жағдай. Себебі әлеуметтік көмек азғантай көлемде де болса оларға жәрдем. Осы жағдайды ескере отырып, облыстық және қалалық емханалар, мектептер мен балабақша иелерінен глютенсіз столды қолға алуын сұраймыз. Республикалық көлемде біздерге қаражат қарастырылмаған. Бірақ Нұр-Сұлтан, Алматы, Орал, Түркістан өңірлерінде балалар глютенсіз тағаммен қамтамасыз етілген. Сол үшін целиакия диагнозымен күресіп жүрген балалар бар екенін ескеріп, шешімі табылмай келе жатқан мәселені облыс және қалалық мәслихатқа көтеріп, бюджеттен қаржы бөлінгенін қалаймыз. Тым болмаса балалар үшін глютенсіз тағамдар қолжетімді болса және ем алу үшін арнайы сауықтыру орталықтарына жолдама берілісе екен деген тілегіміз бар.
— Сұхбатыңызға рақмет!
Өңгімелескен Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

Біршама уақыт нәр татпау ағзаға зиян тигізуі ықтимал. Тіпті уақытылы тамақ ішеу өт жолына тас жиналу, асқазанда жара пайда болуына әкелуі мүмкін. Әсіресе, мұндай қиындық арықтауды мақсат еткен нәзікжандыларда көп кездеседі. Алайда тамақ жеуді тоқтатса, дене бітімі қалыпқа келеді деген жансақ пікірге арбалған арұлар қандай қателікке барғанын көш түсінеді. Сол себепті таңғы аста тойымды тамақ жеуді әдетке айналдырсаңыз, ұтылмасыңыз мүмкін.

Арықтаудың сан жолын игерген мамандар тамақты аз жеп, газдалған сусыннан бас тарту ең пайдалы кеңес екенін айтады. Сонымен қатар диета ұстамас бұрын алдында дәрігерге көрініп, барлық тексерістер өтіп, дәрігердің рұқсаты арқылы шешім қабылдаған жөн. Осы орайда №3 қалалық емхананың гастроэнтеролог дәрігері Гүлзира Кенжебаевадан ас қорытудың маңызы, бауырдағы тасты отасы түсіру, асқазандағы жарадан арғы жолы туралы бірер кеңес сұраған болатымыз.

— Адам өз тіршілігіне қажетті қоректік заттарды тамақтану арқылы алады. Жеген тамақ сол күінде бойға сіңбейді. Сондықтан ол ас қорыту мүшелерінде қорытылып, ыдырап, соның нәтижесінде пайда болған заттардан организм өзіне тән бейімделген заттарды құрайды. Жеген тамақ ауыз қуысынан тік ішекке дейін баратынын білеміз. Ас ауыз қуысында, одан соң асқазан, содан кейін он екі елі ішек, ашы ішекте біртіндеп қорытыла сіңіп, ақырында қажетсіз қалдық заттарды шығарады. Жеген тамақ белгілі бір жылдамдықпен ас қорыту мүшелерінің қабырғасындағы еттердің жиырылуына байланысты бір бағытта жылжиды. Тамақты жылдам жеуге де болмайды. Егер асығып жейтін болса, онда ол қорытылып үлгермейді. Сондықтан да дәрігер ретінде дұрыс тамақтану керекін ескеріп

келген науқасқа түсіндіріп келеміз, — дейді маман.
Бүгінде өт жолында ақауы бар науқастар көп. Басым дені дәрігер жағалап, түрлі емдік шара қолдануда. Алайда барлық ем-дом бәрдей нәтиже бермейді. Науқастың ахуалына байланысты емдік шара да сан қубылады. Мәселен, бауырдағы тасты дәрімен немесе ота жасау арқылы алып тастауға болады. Ал өт жолындағы тасты дәрімен түсіруге де, отамен алып тастауға да келмейді. Егер өт жолы қатты ауыртпай, ұстама басталған жағдайда өтті алып тастайды. Сонымен өттігі тасты асқындырып алмау үшін қалай күтінген дұрыс? Бұл сауалға да 15 жылдан аса еңбек өтімі бар маман толыққанды жауап берді.
— Ас қорыту кезінде өттігі атқаратын қызметі орасан. Ол қоректік заттардың құрамындағы майды ыдыратады. Өттігі әсерінен ферменттердің қатысуымен ас қорыту процесі жүреді. Тағамдарды ақуыз көмірсуына және майларды май қышқылдарына дейін ыдыратады. Бауырдан бөлінген өтпен бірге зиянды химиялық заттар сыртқа шығады. Өттігі әсерінен ферменттердің қатысуымен ас қорыту процесі жүреді. Өт қызметінің бұзылуы асқазан ішек-жолдарын ғана емес, сонымен қатар басқа да ағзалар мен жүйелерді зақымдайды. Адам азғасы толыққанды дәрумен мен микроэлементтерді ала алмайды, соның әсерінен әлсіздік, ұйқысыздық және өзге келесісіздіктер орын алуы мүмкін. Егер де өт жолында тас болса, бауыр өт жолдарының ультратық бастық зерттеуінен өтіп, қажетті биохимиялық талдамамен дәрігерге көрінген дұрыс, — дейді Гүлзира Қалдыбекқызы.

Айтты өткенімизде, науқастарды емдеудің сан түрі бар. Соның ішінде ең қарапайым әдісі — аш қарынға су ішу. Мұндай емдік тәсіл асқазанға ғана емес, барлық аурудың алдын алуға септігін тигізеді. Мәселен, суды дұрыс ішудің бірнеше ережесін білсеңіз, оның пайдасына еселеуге болады. Күнде таңертең аш қарынға бір стақан жылы су ішуді әдетке айналдырсаңыз, ағзада жағымды өзгерістер орын алады, ағза тазарады. Түнде ағза демалып қана қоймай, токсиндерден тазарады. Ал аш қарынға су ішу бұл процеске көмектесетін ұмытыңыз.
Оған қоса, жүйелі түрде су ішу бұлшықет жасушалары мен жаңа эритроциттердің өнделуіне ықпал етеді. Кеңіл-күй де жақсара түседі. Себебі аш қарынға ішкен су токсиндерді шығару мен ағзаны «іске қосу» қабілеті адамның эмоциялық жағдайына жағымды әсер етеді. Су жүйке жүйесіне жанама әсер ете отырып, ашушандықты басады және ұйқыны ашады. Жүрек жұмысына көмектеседі.
Жүрек-қан тамырлар жүйесі ауруларының ең кең тараған түрлеріне инфаркт пен инсульт жатады. Олар әдетте, қанды сұйықтық мөлшері аз болғандықтан қан ұйықтарының түзілуінен пайда болады. Жүйелі түрде аш қарынға су ішу қантамыр жүйесіне жағымды әсер етіп, инсульт қаупін төмендетеді. Асқазан-ішек жолы ауруларының алдын алады. Қызыл немесе асқазан-ішек жолындағы қышқылдық зиянын бәсеңдетеді. Егер аш қарынға уақытылы су ішенсе, ол қышқылды сұйықтағы және жағымсыз сезімдерден арылтады екен, — дейді маман.
Бүйрек ауруының алдын алу үшін де су ішуді пайдалысы көп. Жалпы дәрігерлер суды көп ішу керекті жиі алға тартады. Күнделікті 1-2 литр судың адам ағзасына тигізер пайдасы зор.
— Бүйректің сау болуы ағзадағы су тепе-теңдігінің қалыптасуымен тікелей байланысты. Аш қарынға және күні бойы уақытылы су ішіп тұру зәр мөлшерін арттырады. Соның себебінен бүйрекке болуы мүмкін

минералдар сұйық болады. Осылайша, тас түзілуінің немесе қабынулар пайда болуының алдын алуға болады. Иммунитет нығайды. Көптеген аурулардың пайда болуы тікелей иммунитетпен байланысты.
Аш қарынға ішілген су лимфалық жүйелер теңгеріміне жағымды әсер етеді. Ол өз кезегінде ағзаны қатайтып, түрлі аурулардың қоздырғыштарына төзімді болуына көмектеседі. Егер сіз үнемі оң қабырғандық төменгі жағы сыздап ауыратынын сезгеніз, жеделдетіп гепатолог, гастроэнтеролог тым болмағанда терапевтке көрініңіз жөн. Сондай-ақ бауырды жиі тексеріп тұрған жөн. Өйткені бауырдың қатты бүлінген кезде де ауырмайды. Себебі оның құрамында ауырсынуды реттеуші жасуша жоқ. Әдетте ауырсынуды немесе шаншу ауру өте асығын кезде ғана болады. Ондай жағдайда бауыр іседі, үлкейеді, өзін қоршап тұрған капсула қабығына қысым көрсете бастайды. Міне, содан кейін ғана науқас ауруды сезе бастайды. Мұндай жағдайда өкінішке қарай емдеу кеш болуы мүмкін. Бірақ оң қабырғаның төменгі бөлігін ауруы мүлдем басқа жағдайлармен де байланысты. Мысалы, өт қабының ісінуі. Бауыр

бүлінгенде бел, іш және оң иық ауруы мүмкін. Кейде тіпті ауырсынуды сезімі мүлде болмайды, — дейді дәрігер.
№3 қалалық емхананда білікті мамандар көп. Әлеуметтік желідегі парақшалары арқылы науқастардың дәрігерге жолдап жатқан ыстық сөлемін аңғару қиынға соқпайды. Өңгімізге арқау еткен дәрігер де пациенттерінің кеңінен шығып, ел ықыласына бөленуде. Гүлзира Кенжебаеваның басты мақсаты — науқастардың еміне шипа болу, науқастардың кепілін тауып, сауығына септесе. Сондықтан білікті дәрігердің кеңесін есте сақтаған абзал.
Мөлдір САБИРЖАН



ЖАСТАР SMS АРҚЫЛЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСА АЛАДЫ

Жақында Head-Hunter Қазақстан компаниясы еңбек тәжірибесі жоқ жастар үшін жоғары жалақысы бар бос жұмыс орындарын анықтады. Жастарға жұмыс ұсынуға дайын кең тараған сала сату бөліміне қатысты.

Көбіне сату жөніндегі менеджерлер мен ризиторлар кездеседі екен. Бұл қызметтерде әрбір сатылымнан бонус төлеу ұсынылады, сондықтан жалақы сомасында елеулі айырмашылық бар, яғни 70 мың теңгеден 1 млн теңгеге дейін. Сонымен қатар туризм, қонақүй, мейрамхана саласында да ұсыныс баршылық. Бұл ретте даяшы, бармен, аспазшы, хостес пен турагенттер кеңінен тараған. Осы салада жалақы 60 мыңнан 300 мың теңгеге дейін барады.

«Әкімшілік персонал» саласы бос жұмыс орындар бойынша үшінші орында. Осы бағытта кеңсені басқарушылар, ресепционистер, хатшылар мен жеке ассистенттерге қатысты ұсыныс бар. Олардың жалақылары 70-тен 250 мың теңгеге дейінгі деңгейде. Бос орындар саны бойынша төртінші орында ақпараттық технологиялар, интернет, мультимедиа саласы тұр. Қызметті



енді бастаған маман 450 мың теңгеге дейін жалақы алуы мүмкін. Осы орайда бағдарламашы мамандар, жүйе әкімшісі мен Helpdesk мамандар ерекше сұранысқа ие. Осы зерттеудегі бестікке маркетинг, жарнама, PR бағыты кіріп отыр. Жас мамандар үшін SMM-менеджер, event-менеджер мен дизайнер сияқты бос орындар бар. Ал бұл саладағы жалақы 80-нен 500 мың теңгеге дейін ұсынылған. Бұдан бөлек, өткен айда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі көмекке мұқтаж жастарды анықтау бойынша жаңа жүйе енгізіп жатырғанын хабарлады.

— Көп жағдайда жастар жұмыспен қамту орталықтарына келмейді, оқыту бойынша сұрақтармен қызмет алуға жүгінбейді. Сондықтан біз әлеуметтік портрет бойынша көмекке мұқтаж, бірақ жұмысқа орналаспаған, оқымайтын, орталықтарға келмейтін адамдарды анықтауға мүмкіндік беретін «ерте анықтау жүйесі» ақпараттық жүйесін енгіземіз. Бұл тұлғаларға проактивті форматта қолданатын боламыз», — деді ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ержан Біржанов.

Оның айтуынша, бүгінгі күнге дейін жұмыспен қамту орталықтары өтініш беру сипатындағы қызметтерді көрсетуге бағдарланған еді. Жастар өздері келіп тіркелсе, осы жылдан бастап өзара іс-қимылдың жаңа форматын енгізу жоспарланып отыр. «Біз жұмыссыз жастарды өзіміз анықтап, оларға смс-хабарламалар жібереміз және онлайн-режимде оқудан өту, қысқа мерзімді курстардан өту немесе қоғамдық жұмысқа тарту сияқты түрлі қызмет түрлерін ұсынамыз, яғни бізге келмейтін тұлғаларға ақпарат жеткізіміз керек», — деді Е. Біржанов.

Бұған дейін вице-министр жас қызметкерлердің үш айлық сынақ мерзімін алды тастауды ұсынған еді.

ШЕБЕРЛІК ПЕН ЕПТІЛІК СЫНҒА ТҮСТІ



Жастардың саламатты өмір салтын ұстанып, туған жер мен Отанға деген патриоттық сезімін арттыру мақсатында «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жастар жыны тұлғаты туралы ұйымдастырылып келеді. Билд да шара Қорғаныс министрлігінің қолдауымен Қарағанды қаласында офлайн форматта өтпек.

Жақында республикалық жынға қатыстын облыстық команданы қалыптастыру мақсатында іріктеу туры өтті. Оған аймаққа қарасты аудандар мен қаладан 8 команда жасақталып, 7 түрлі сайыс бойынша бақ сынады. Атап айтсақ, белтемірде тартылу, шаққалап жапыл денені көтеру, АК-74 қаруын бақылап, жинақтау, арқан тарту, пневматикалық винтовкамен ату, сонымен қатар газтұтқышы және плац түріндегі жалпы әскери қорғаныс жиынтығын киюде жастар алдына жан салмады. Елті де ширақтар шын жүйірік екенін көрсетті.

Нәтижесінде жалпыкомандалық есеп бойынша I орын аралдықтарға буйырды. Қызылорда қаласы II орынға жайғаса, III орынды Жаңақоған ауданының немісіне қорғаған команда қанжығасына байлады. Жеңімпаздарға облыстық жастар ресурстық орталығының атынан арнайы сыйлықтар табысталды.

ҚАБІЛЕТТІ МАМАН ӘЗІРЛЕУ КҮН ТӘРТІБІНДЕ



Қазалы аграрлы-техникалық колледжінде техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындары студенттерінің арасында «Графикалық дизайн», «Жеңіл автомобильдерді жөндеу және қызмет көрсету», «Ауылшаруашылығы машиналарын жөндеу және қызмет көрсету», «Кірпіш қалау» құзіреттілігі бойынша WorldSkills кәсіби шеберлік байқауының облыстық кезеңі басталды.

Чемпионатты аудан әкімі Мұхтар Оразбаев ашты. «Аймақ бойынша WORLDSKILLS Ұлттық чемпионатының облыстық іріктеу кезеңі 21 құзіреттілік бойынша 11 колледждің базасында өтетін болса, біздің ауданда 4 құзіреттілік бойынша ұйымдастырылуы Қазалы аграрлы-техникалық колледжі базасындағы облыстық кезеңі қатардан табылатынын көрсетеді», — деді аудан әкімі.

Айта кетейік, чемпионаттың облыстық кезеңіне жоғары және арнаулы оқу орындарынан 29 қатысушы бақ сынауда. WorldSkills Kazakhstan Чемпионатын өткізуден күтілетін нәтиже — жоғары дағды мен кәсіптік құзыреттілікке оқу тудың тын тұстарымен танысу, кәсіптік шеберліктің ұлттық және халықаралық байқауларына қатысу тәжірибесін арттыру және әлемдік стандарттарға шығу мүмкіндігін ұсыну.

БАТЫРХАН АҒАҒА ҚҰРМЕТ



Был жерлесіміз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Батырхан Шөкеновтің 60 жылдығы кеңінен тойлануда. Қалалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығындағы «Өлкетану» үйірмесі де қайталанбас тұлға, өнер көгінен жұлдыздай ағып өткен әнші-композиторға арналған шара ұйымдастырды.

Үйірме жетекшісі Айнур Махамбетова «Музыка әлемінің мұзасы» тақырыбындағы тәрбие сағатын «Пионерлер паркі» аталған саябақта, әншінің сафокон ұстаған еңселі ескерткішінің жанында өткізді. Болмысынан сазгер, туа біткен талантты өмір тарихынан сыр шертіп, «Фокль» үйірмесінің мүшелері Серік Рінат пен Серік Сұңқар «Джулия» әнін орындады, ал Батырхан ағасының жолын қуған Қазанғап атындағы жоғары музыкалық колледждің студенті Бабберген Қуанышұлы «Қайран көңіл-ай» атты өнін сафоконмен орындап берді.

Сондай-ақ, Аяулым Жақсылық, Ұлдана Қозыбақова «Батырхан аға» атты арнау өлеңдерін оқып, Батырхан Шөкенов ескерткішіне арнайы гүл шоқтарын қойды.

Кәусар РАМАТҰЛЛА, қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығындағы «Өлкетану» үйірмесінің оқушысы

Өз елін, жерін, Отанын, ұлтын сүйетін, тәрбиелі де, білімді азамат қалыптастыру үшін бар білімі мен кәсіби шеберлігін аямау — әрбір ұстаздың парызы.

«Бала — құйсандық. Құйсандықтың кілтін тапқан ғана ашады». Бала жүрегіне жол тауып, қажеттілігіне қарай білім беруге тырысу бүгінде мандықтан міндеттің бірине айналды. Десе де, бүгінде оқушылармен жұмыс істеу тек теориялық тұрғыда мықты болу емес, әдістемелік тұрғыда жақсы қарулану деген сөз.

Бұл орайда «Мұғалім өз сабағын сүйемесе, оған өзі сүйіспеншілікті дарыта алмайды...» деген сөз ойға оралады. Сондықтан оқушымен қарым-қатынаста сөйлеу мәнерін шыңдап, сабақты ашып түсіндіру, оқушы бойындағы қызығушылықты

ӘРБІР БАЛА ДАРЫН.

арттыруға күш салу керек. Сондай-ақ біз оқушылардың ойын жинақтай отырып, еркін, қысылмай сөйлеуіне көңіл бөлуге тиіспіз. Шалава Амонашвили өзінің тәжірибесінде «Жүрегісіз берілген білім адамды қанағаттандырмайды, керісінше жүні ауыртпатады» дегендей, жүректен шыққан сөз жүрекке жететінін ұмытпауға тиіспіз.



Қазір педагогқа талап көп. Оның заманауи, коммуникативті, білімді, технологияларға икемді болуы сұралады. Бір ғана маман ғана талап қойылып отыр. Ал егер жай ғана адамды тұрғыда қарайтын болсақ, жоғары келтірілген талаптардан бөлек, мұғалім — ең бірінші адам. Бұрынғы заман мұғалімдері, қазіргі заман мұғалімі деп айтсақ та, ең бастысы ұстаз — өте жауапты мамандық екені, оның балаға берген бүгінгі білімінің нәтижесінен болашақтағы зайырлы қоғам қалыптасатыны шындық.

Қорыта айтқанда, ұстаз — ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек иесі. Ыстық қайратымен бар білген білімін оқушы бойына сіңіретін, нұрлы ақылмен өміріне жарық сәулесін шашатын, жылы жүрегімен баланың жан-дүниесін баурай білген ұстаз ғана баланы тұлға ретінде қалыптастырады. Әрбір бала дарын, ұстаз ұқса жаны.

Анар ЖАМИЕВА, М.Шоқай атындағы №187 ақпараттық технология мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ОЙМАҚТАЙ ОЙ



ҰЛЫМ ДЕЙТІН ЕЛ БОЛМАСА...

Өмірде біреу бақытты болыптан таппақ болса, екіншісі даңқ пен атақтан, мансал пен қызметтен іздейді. Алайда адамға өмірдегі шыншайы бақытты тәрбиелі ұрпағы ғана сыйламақ. Бала тәрбиесі жөнінде Абай бабамыз: «Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер, білімінде. Адамға ш алуан адамнан мінез жұғады: ата-анадан, ұстазынан, құрбысынан», — деп осы үшеуінен баланың болашағы шешілетінін ескерткен.

Қарап отырсақ, бала бойынан жақсылық-жаманды қасиет байқаса, қазақ оны ең бірінші ақ мән ата тәрбиесімен байланыстырады. «Әкесі сондай адам еді, атасы жақсы адам, көргенді бала» деуі ер адамның рөлінің қандай бірікті екенін көрсетеді.

Ал қазір кей жастардың әкеге қарап дауыс біюі, жддырықтауға дейін баруы көңіл құлазытады. Тіпті еліміздегі соңғы жайттар мен статистика, жастардың үйінен кетіп қалуы, кейде басқа қалалардан табылуы «неден кателестік?» деген сауалға акеп трейді. Мұның барлығы отбасындағы гармонияның болмауынан, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың өлсіреуінен деп ойлаймын. Әке ұлымен, ана қызымен сырласып, ашық әңгімелесе барлық нәрсеге нүкте қойылар ма еді? Қалай десек те, отбасында әкенің сөзі заң болу керек. Өйткені бір ғана әке сөзі тәртіптен үндес.

Ғабиден Мұстафин «Балаға сіңірген ата-ана еңбегін бала өмір бойы ақтай алмайды, ол өле-өлгенше сұынбайтын махаббат» деген екен. Бала болашағына толғанар еді, ойлар отбасы қалыптасса ғана, елдің болашағы зор болады деген тоқтам дұрысырақ. Бүгінгі күн қазді ашып-жұмғанша өте шығарды. Өзімізден кейінгі ұрпақты жаман әдет-қылқтан аулақ қылып, адамгершілік қасиеті жоғары, білімді азамат қылып шығаруға қоғам болып атсалысуымыз қажет.

«Ұлым дейтін ел болмаса, елім дейтін ұл қайдан шықсын!», Әрбір адамды жастардың ой-талғамы, өрескел әдет-қылғы бейжай қалдырмайса ит. Көршінің баласына да өзінкіндей қарап, жанашырлықтан жөн сілтеп отырғанда ғана ол нәтижесін берері анық. Ал негізгі тәрбие отбасынан басталатынын, соның ішінде әке тәрбиесін есте естен шығаруға болмайды.

Бағлан ҚАЛИЕВ, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің әдіскері

– Санат, жақында қыргыз авторының туындысын «Шыны көрек» психологиялық драмасы ретінде сахнаға дайындап шығардыңыз. Неге бұл шығарманы таңдадыңыз? Жас артистердің режиссер ретінде өзін сынап көруі – ерекше идея. Бізде бұл үрдіс қашан басталды?

– Бұл идея басшылық тараптан туындады. Непізнен жастар арасында осындай тың дүниелер жасап көрсек, жаңа бағыттарда экспериментке барсақ деген ой болған. Кейін басшылықпен келісе отырып, идеядан идея туды. Жоспар бойынша театрдың ішінен құралған лабораториялық жастар труппасы, яғни жастар театрының ресми тұсаукесері 13 мамыр күні өтті. Көрсетілген қойылымдардағы шығармашылық топ тек қана жастардан құралып, жаңа дүниелер ұсынылды. Қанат Арқабаевтың «Кім?» атты психологиялық триллері, «ҰБТ кілті» атты драма, сосын «Шыны көрек» психологиялық драмасы қойылды. Режиссер ретінде өзіміз сынап көру үшін «Шыны көрек» шығармасын таңдаған себебіміз – жаңадан қосылған жастарға мүмкіндік беру. Өзі көрермен мені режиссер ретінде дәл осы шығарма арқылы, дәл осы актерлық құрам арқылы тануы мен үшін қуантарлық жағдай. Алғашқы режиссерлік жобам болғандықтан, артистермен бірге жұмыс істеудің көмегі болды. Күндіз-түні, уақытты шектемі осы қойылым бойынша жұмыс жасадық. Айта кету керек, 2019 жылы сол кезеңдегі облыс әкімі Қырымбек Көшербаев қолдау көрсетіп, театрдағы 5-6 жасты Мәскеу қаласына оқуға жіберген еді. Сонда ресейлік көрерменнің деңгейі биік екенін байқадық. Неге десеңіз, ол жақта 250-ден аса театр үздіксіз

жұмыс істеді. Өр театрдың өзіндік көрермені бар. Ол өз алдына, сонымен бірге көрерменнің таңдау жасауына мүмкіндік көп, талғамағына қарай қай бағыттағы қойылымды көргісі келсе де, таба алады. Сондықтан біз эксперимент жасау арқылы көрерменді тәрбиелеуіміз керек. Өлеуметтік желі, пікірлер арқылы біздің көрермен де жаңа бағыттағы қойылымдарды сұрайтын. Жаңа бағытта ізденіс жасауға оның да әсері болған шығар. Өйткені көрермен қай кезде де өзінің таңдауын жасауға құқылы.

– Психологиялық драма театрда көп ұсыныла бермейтін жанр. Көрермен мұны қаншалықты қабылдай алды?

– Бізде психологиялық драма көп сахналанбайтыны рас. Жаңа бағыттағы басқаша дүниені қабылдай алғанын көрерменнің пікірлерінен байқадым. Өр олар осындай тың дүние, ізденістің болғанына куәнді. Себебі бұл облыс үшін жаңалық десек болады. Көрерменім нақты мынадай адамдар деп айта алмаймын. Бірақ көбісі – жастар мен орта жастағы азаматтар. Өлеуметтік желіде, спектакльден шыққан кезде көп пікір, ұсыныс айтатын да осы топтағы адамдар. Шыны көрек, театр көрерменінің деңгейі жылдан жылға өсіп келеді. Уақыт жылжып, жеке салалар дамыған сайын театр да алға басуда. Қазақ театрының деңгейі жоғарылап келеді.



Ізденіс арқылы жан-жақтылық анық көрінеді.

– «Көп адамдар 25 жасында ақ өліп қалады. Бірақ оларды 75 жасында жерлейді» дейді Франклин. Адамды тірі өтетін арман, мақсат, алға ұмтылыс екенін айтса керек. Арманыңыз қандай? Адамның табиғаты арманшыл келеді. Адамда арман көп, бірақ жетер мақсат санаулы, нақты болу керек. Егер біреу алдына мақсат қойса, соған әрекет етеді, ұмтылады. Ал арман қиялдан туады. Демек көп нәрсені армандай беруге болады. Бірақ мақсатты бірнеше рет қою мүмкін емес. Бір мақсат қойып, соған қол жеткізсеңіз, бұл жетістік. Менде де арман көп. Бірақ театрдағы мамандығым бойынша алға қойған мақсатым – маңдай термен жасап жатқан әр жұмысым, сахнадағы әр рөлім көрерменнің жүрегіне сілкіп, санасын сілкіп өтсе деймін. Бұл менің ғана

Үлкен өзгерістер кішкентай қадамнан басталады. Жыл басынан бері Нартай Бекжанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының жастары артис, режиссер ретінде тың дүние ұсынып, басқа бағыттағы спектакльдердің қойылуы өдемі үрдіске айналды.

Жақында театр артисі Санат Жүзбай «Шыны көрек» психологиялық драмасын сахналады. Тімірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын драма театр артисі мамандығы бойынша тамамдаған өнерпаз 2018 жылы Эдинбург қаласында өткен «Фриндж» халықаралық өнер фестивалінде Қозы Көрпеш рөлін сомдап, еуропа халқының ыстық ықыласына бөленді. Одан бөлек ол Қызылорда қаласының жастарына арналған «Самғау» жастар сыйлығының иегері. Бірде Қозы Көрпеш, бірде Мақсат болып талай жүрекпен сахнада тілдескен кейіпкерімізбен жаңа қойылым, режиссура жайында сұхбаттастық.

«КІШКЕНТАЙ РӨЛ БОЛМАЙДЫ»



керсететін шығар. Фестивальдің ықпалы қандай? – Басты мақсаты – артистерді тәжірибе жүзінде өсіру, дамыту. Фестивальге қатысқан сайын үлкен мотивация, ерекше рух алып, жігерленіп қайтамыз. Өз басым елге ерекше күш алып келемін. Өрбір фестиваль – өсудің, дамудың бір сатысы. Сондықтан фестиваль сынды ірі жобалардан қалыс қалмау керек. Бұйырғас, алдағы 6-12 маусым аралығында Татарстан мемлекеті Қазан қаласында театрлардың Халықаралық форум-фестивалі өтеді. Сол жақтан артистік шеберлік, режиссура бойынша тәжірибе алмасып қайтамыз. Кішкентайларға арналған облыстық қуыршақ театры да қатыспақ. Мұндай халықаралық дәрежедегі шараларға қатысу біз үшін ерекше құрмет өзі шығармашылыққа жаңа тыныс сыйлайды.

– Жалпы қазақ театрларында орыс тілінен аударылған

қойылымдар көп-ақ. Қазақ авторларының туындылары сахнаға келмей ме? – Орыс тілінен аударылған қойылымдар көп дейсіз ғой. Бірақ олай санамау керек. Себебі орыс тілінде аударылған туындылардың көбі әлемдік аудармалар. Сондықтан аударма тілін бөліп-жаруға қарсымын. Театрда қазақ драматургиясы бір төбе, орыс тілінде аударылған әлемдік классикаға айналған шығармалар бір төбе. Қазақ театрында аударма арқылы келген туындылар өз көрерменін тауып үлгерді. «Бір түп алма ағашы», «Тендерге түскен келішек», «Сыған серенадасының» қазақ сахнасында өзіндік орны бар. Соңғы кезде тапсырыспен қойылатын спектакльдер көбейіп кетті. Қазақша шығармалардың азаюына өсі нәрсе әсер етіп жүрген болар. Өйтпесе сахнада тіл мен ұлт жоқ. Адамзатқа ортақ өнер бар.

– Әдемі өңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Дина БӨКБЕБАЙ

ҰЛТТЫҚ БРЕЖД - ДОМБЫРА

Домбыраға деген құбығушылық пен музыкалық аспаптың танымалдылығы ешқашан тоқтаған емес. Бүгінде домбыраның құлағында ойнайтын жастың қатары артып, дәстүрді жандандыруға ниетті азаматтар көбейген. Бәрінің көкейінде – ұлттық құндылықты сезіну, өсінің жайын жаңдыру. Болашаққа рухани бағдар алу арманы. Бұл ұрпақтар сабақтастығы мен өнер-ғылымның атадан балаға мирас болуының көрсеткіші іспетті.

Жалпы қазақ халқына қос шекті домбыра туралы мәлімет берудің өзі оғаш секілді. Өткеннен сыр шертіп, тарихты көз алдымызға әкелетін аспаптың қадірі қолға алынған. Себебі қанша насретті басынан өткерген халық мұң-зарын күймен жеткізіп, қуанышын жырмен бөлісуге дағдыланды емес пе? Осы сәтте ойна аяң Қадыр Мырза Әлінің «Егі шектің бірін қатты, бірін сәл-пәл кем бұра, нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра!» деп жырлаған толығымен еске түседі. Осыдан-ақ ерте

замандағы қазақтың бұл аспапта еркін ойнап, қос шектен талай кереметті тудырғанын аңғаруға болады. Сондықтан домбыра бабаның көзіндегі ұрпақтан-ұрпаққа аманат болып жеткен бірден-бір асыл қазына екені даусыз.

Соның жылдары ұмыт бола бастаған дәстүрлерді қайта жаңғырту мақсатында түрлі жобалар қолға алынууда. Солардың бірі «Домбыра патис», «Домбыра фест» шаралары Қазақстанның түпкір-түпкірінде дәстүрлі және жаңарту мақсатында түрлі жобалар қолға алынууда. Солардың бірі «Домбыра патис», «Домбыра фест» шаралары Қазақстанның түпкір-түпкірінде дәстүрлі және жаңарту мақсатында түрлі жобалар қолға алынууда. Солардың бірі «Домбыра патис», «Домбыра фест» шаралары Қазақстанның түпкір-түпкірінде дәстүрлі және жаңарту мақсатында түрлі жобалар қолға алынууда. Солардың бірі «Домбыра патис», «Домбыра фест» шаралары Қазақстанның түпкір-түпкірінде дәстүрлі және жаңарту мақсатында түрлі жобалар қолға алынууда.

жаттанды мерекелік жиындардан әлдеқайда артық екендігі де сондықтан болар.

Расымен де, түрлі жиын-тойларда домбырамен кеш көрін аша түсетін жандарды кездестіру күн өткен сайын қиындап барады. Тіпті, үй біткеннің төрінен табылатын үйлі домбыраны көзір бір ауылдан іздеп табудың өзі қиын. Той-жыны бола қалса, домбыра іздеп ауыл кезіп кететін жағдай жиі болып тұрады. Түпкір-түпкірінде дәстүрлі және жаңарту мақсатында түрлі жобалар қолға алынууда. Солардың бірі «Домбыра патис», «Домбыра фест» шаралары Қазақстанның түпкір-түпкірінде дәстүрлі және жаңарту мақсатында түрлі жобалар қолға алынууда.

Шолпан АБИЕВА, Т.Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицейдің музыка пәні мұғалімі

ҚОҢЫР ҮННІҢ ҚАСИЕТИ

Өлеменнің әр түпкіріндегі ұлттардың бір-бірін тілсіз ұғысып, сөзсіз түсінуіне себепкер – өнер. Соның ішінде ән өнері, көбіні вокалдык білім адамдарды алыстан-ақ жақындатыратын жақсы тәсіл. Бұл жағынан келгенде қазақтың әншілік өнеріне қарсы айтылар дау жоқ.

Қазақ Шоқан Уәлиханов алғаш естелікке алған, есте жоқ ескі заманнан келе жатқан мынадай бір аңыз бар: «Өлем жаралудан бұрын әуен жаралған екен. Ол бастапқыда гарьштарға өмір сүріпті. Бір жолы ғарыштағы әуен әлемді шарлап көруді ойлайды. Жер бетіне жақындап келеді. Бір жерден аласа, еңінің жерден биік ұшыпты. Әуенді жерде жасап жатқан барлық халық өзінше естіпті. Қазақ даласына келгенде, әуен тіптен аласа қалықтап өтсе керек. Сондықтан біз, қазақтар әнге бай, әнші халық болған екенбіз».

Музыка – қазақтың өзі өле де өлмейтіндей ұлы өнері. Жазиралы даламызда «әу демеітін қазақ жоқ» екені де рас.

Бірақ осының сыртында музыкадан зерттемеген, музыканттар қол сұқпаған көптеген дыбыстар бар. Қазақ халқы сол дыбыстардың бәрін білсе де жерді жармай ма? Қазақтың табиғатпен үндескен болмысынан, әндегі әр дыбысқа деген құштарлығынан қоңыр үнді қалыптатса керек. Алайда қазақтың әнге бай, әнші халық болған екенбіз. Қазақтың табиғатпен үндескен болмысынан, әндегі әр дыбысқа деген құштарлығынан қоңыр үнді қалыптатса керек. Алайда қазақтың әнге бай, әнші халық болған екенбіз. Қазақтың табиғатпен үндескен болмысынан, әндегі әр дыбысқа деген құштарлығынан қоңыр үнді қалыптатса керек. Алайда қазақтың әнге бай, әнші халық болған екенбіз.

әсеріне тәуелді. Өр адам баласы жақсылықты 20 пайызға, жамандықты 80 пайыз жасауға бейім тұрады екен, сондай-ақ әр сезуінде қатердің 70 пайызын дыбыстан күтуге болады. Музыкада да таразының бір басы барышы болса, бір жағы жамандықты тартады. Адамды музыкада қоныр дыбыспен емделуге болса, өте қатты жағымсыз дыбыс күйімен өлтіруге де болады.

Құлаққа жайлы, бір сарынды жағымды дауысты «қоныр» деп сиятаймыз. Ал адамның рухын, мінез-құлқын бейнелейтін кей жайттарды қоныр қалыптағы қүй дейді. Қорқыт ата қоныр үнді қылқобызын ойнап отырғанда емделуге келген ауру адам Қонырға жүзін қорғемен, естіп әр жағынан тықпалдан – ақ, ауруынан айығып жөніне келді екен деген аңыз бар. Сонда қоныр саздың адам денсаулығына емдік қасиеті де болғаны ғой.

Нұрсұл АлТЫНБЕКОВА, Т.Жүргенов атындағы №136 мектеп-лицейдің музыка пәні мұғалімі

Ерте, ерте, ертеде, есте жоқ ескі заманда бір ханның жалқуы мен өте ерке қызы болыпты. Жұрт ханға ұлы мен қызының ерке, шолжақ екендігін, бұлай жалғаса берсе болашақтарының бұлтығыр болатынын айта да тыңдамапты. Тіпті, «Қатты айттың, мен хан емесім бе?» деп ашуланып, басың шапқызатын болыпты. Арада жылжып ай мен талай жыл өтті. Бір күні ел ішінде «ханның ұлы мен қызы айықлас дертке ұшырапты. Кімде-кім ауруынан айықтырса, ат басындай алтын береті көрнеді» деген әңгіме тарпапты. Ат басындай алтынға қызып жердің жеті бұрышынан тәуіпін, балгермін деп келмеген адам қалмапты. Алайда бәрінікі де жай ғана әуешілік еді. Хан шындап үмітін үзеін деді. Ұлы мен қызының мүлдем ас ішпестен сулұсқа жата беретіні ханның жанына қатты батыпты. Ол бірде: «Неге жұрттың балалары азыр салып, қара жерді жалпағынан басып жүреді, де, ал неге менің екі балам үдей ауырып жатуы керек? Екі құлыным ауырып төсек тартып жатқанда басқалардың ойнан – күлуге болмайды. Ауылда той, мереке, болмасын! Алтыбақан құрылмасын! Ешкім өлең айтпасын! Өсіресе балалар үйден шықпасын! Кімде-кім осы менің айтқандарымды орындамаса, басың өзім шауып алатын боламын!» деп қаңарланыпты.

Хан жарлығы орындалмай, екі кеткен кезі болған ба? Ханның бұл айтқанын естіген халық есеңгіреп қалды. Үкілі үмітіне бағалан балаларының ханның қапарына ілініп, өмірінен қош айтқандарын қаламады. Жағдайы бар шаһар тұрғындары тұн уақытында жүктері жинап ауылдан көшіп кетті. Жағдайы келмейтін, не болмаса ханның ашуынан шын қорқатандары жанын шүберекке түйіп қастарында қала берді. Шаһар сүреңсіз күйге оранды. Адам адаммен күліп сөйлеспейді, әзілдеспейді. Тіпті бір-бірінің үйіне де бармайтын күйге түсті. Тан атады, күн батады. Шаһар сұртынан қараған адамға ханның ұлы мен қызы ғана емес,




күлгі ауыл тұрғындары ауруға шалдыққан деп ойлап қалары хақ. Ханға ұлы мен қызының ауруы жанына батса, халыққа ханның жарлығы жандарына аяздай баты. Дүниеге келгеннен бастап әр күні жиын мен тойға үйреніп қалған халық көпке дейін үйреніс алмады. Ханның малшысы өрісте жүріп өлең айтқаны үшін жазаланғаны халықты тіпті есеңгіретіп жіберді. «Обал-ай, жап-жаз жігіт еді!», «Бү ханға не болғаны?», «Айдалада да үнсіз жүреміз бе сонда? Бұл тығыртықтың да шығатын жері бар шығар?» десе де ханға келіп айтуға ешқайсысының жүрегі дауаламады.

Ай өтті, жылдар өтті. Бір жылы «жығылғанға жұдырық» болып, жаз жаңбырсыз қуан болып, еккен егін өнімін бермей, қыс ызғарлы болып қиналған қарапайым халықты тіпті әбіржітіп жіберді. Ауа райының бұлай қинағаны ханға да әсер етпей қоймады. Төрт түлік малы бірінен соң бірі қырыла берді. Қырыла берді. Хан да қорқайын деді, десе де әрнәрсенің қайыры бар және бұл да Құдайдың қалауымен болып жатыр деп топшылады. Көріш елдің адамдары «Қолдан жасалған жұт» десті келеке қылып.

Шаһар шетінде екі ешкісі мен қотыр сиырынан басқа малы жоқ, Құдайдан жылпай-жылпай бала сұрап, қыс жанары шала

көретін шал мен кемпір бар-тын. Сол шалдың да екі ешкісі төлдерімен бірге жұттан қырылып, жай-күйлері тіптен нашарлап кеткен еді. Бір күні сол шал кемпірімен ақылдасып, хан сарайына бармақшы болады. Кемпірі: – Алжыған-ау, ханның сарайына сені қай ажал айдап барады? Ажалыңа барасың ғой сен. Мен жалғыз қалам ғой. Құдай бала бермесе де, сенен айырмасын менің! – деп зар жылағанда шалы түк деместен шығып кете берді. Сол жүрүмен тұп-тура хан сарайының алдына барып ханмен кездесуге рұқсат сұрап, ішке кірді. Заулім сарай қанша

жерден әдемі болып ақарымен көздің жауын алатын сәулеті болса да, егер толы сарай секілді болып көрінді шалға. Келе ханға сәлем берді: – Хан ием, мен бір жүрген тұяқсыз жаралған пендемін. Сіздің перзенттеріңіздің ауырып қалғандығын естіп арнайы келдім. Хан: – Емші ме едің?, – деп гүрр етті. Сонда шал: – Емшімін деп алдамаймын. Арғы атамда емшілік болмаған. Алайда сіздің



балаларыңызды қалай емдеп жазуға болатынын білемін.

– Ол үшін не керек, айт, жетік ат жердің атындағы дүние болса да тауып беремін. Балаларым жазылып кетсе болды! – деп қуанды хан. – Ештеңе керек емес, балаларыңызды екі-үш күнге маған ертіп жіберіңіз. Бұл балалардың ауруының емі – еңбек, ауруының аты – жалқаулық. Жалқаулық дүдеп кеткені сонша ішіп-жүге де, ойнан-құлуге де ерінеді. Ұйқымен ғана до болып алған. Ал оны сен ауру деп ойлайды! – деді де шал ханның ұлы мен қызын өз лашығына ертіп кетеді. Жолда жүруге ерініп жүрмейміз деп қырсықанда, шал қолындағы алты өрім қамшымен осып-осып жіберді. Тұшы өтсе ашы таяқ тиген кезде ханның ұлы мен қызы адымдап жүре бастады. Шал лашығына барған күннен бастап ханның ұлы мен қызын құшып жүрсе. Ханның ұлы егін егіп, қолмен су тасып суарса, ханның қызы сиыр сауып, айран шайқап, құрт қайнатты. Кешке жұмыстан әбден қарны ашып келгенде кемпірдің қара көжесін ұл мен қыз

терлеп-тепіш ішіп алатын болды. Үшінші күн дегенде тіпті шал мен кемпірдің қолын да қимылдатпады. Бар шаруаны өздері жасайтын болды. Үш күнді үш жылдай зарға күткен хан таң сәріден келіп шалдың лашығын торуылды. Балаларының күліп-ойнап, әңдетіп жүріп жұмыс істеп жүргендеріне қарап таңтамаша болды да, кезінде өзін екен ғой балаларымды асыра еркелетіп, қолдан ауру қылған деп өткеніне қалпады. Хан шалға риза болып «Балаларымның өмірін сақтап қалған аулие» деп құрметтеп, ауылына ұлан-асыр той жасап, шал мен кемпірді өз сарайына алдырыпты. Еңбекпен достасқан ханның ұлы мен қызы шалдың арқасында ақылды, зерек, еңбеккер болыпты. Хан бірнеше жыл бұрын жылған алтыбақанды қайта құрғызып, ауылға күнде той жасатып, бақытты ғұмыр кешіпті.

Рамазан ҚОЛАНОВ, Қазалы ауданы, Шілі ауылы №259 мектептің оқушысы

Ерке Бала

«Жасыл ел» атты ну орманының ішінде әртүрлі жануарлар мен құстар мекендейді. Жыртықтар мен жөндіктер, құстар мен баулықтар, ағаштар мен гүлдер айрылмас дос болыпты. Ерекшелігі де осында екен. Бұл мекенде ешкім бір-біріне қақтық жасамайтын жақсы ниеттегі адал дос болыпты. Осы орманда мекендейтін көгершін мен жарқанат достығы бәріне мәлім, ылғи бірге жүретін достар болған екен. Елдің бәрі олардың достығына қызыға да, қызғана да қарайтын болған деседі. Көгершін мен жарқанат ойанса да, тамақтанса да бірге жүріпті.

«Жасыл елдің» жан-жануарлары көгершінге сүйсіне қарайды екен. Оның үлпілдек қауырсыны, алпақ қанаты орман тұрғындарының қызығушылығын оятыпты. Жарқанат та ел аузында жүріпті. Бірақ, әдемілігінен емес, сұстылығымен. Жан-жануарлар көгершінді мақтаған сайын жарқанаттың көңіліне көк пен ұса жинала беріпті. Жарқанат өз өмірін де, көгершінді де жек көре бастапты. Жарқанат қайда жүрсе де, көгершінінен құтылудың жолын іздеп жүреді екен. Бұл істің дұрыс емес екенін, досқа қиянат жасамау керектігін біліп тұрса да, ішіндегі ашу, көгершінге деген көк маза бермепті. Бір күні екі дос ұзақ ойнап келіп, ұйыға кетіпті. Жарқанат мазасызданып, дөңбешіп, ұйықтай алмапты.

Көнеттен ойнап көгершінмен құтылу туралы жоспар келтіпті. Жапыраққа толы ағаштардың арасында мызғымай ұйықтап жатқан көгершінді өлтіру үшін жарқанат арқан тауапты. Сол арқылы жоспарын орындамақ болып жатқанда орманда жел тұрып, ағаштың жапырақтары ұша кетіпті. Жапырақсыз қалған ағаштан жарқанаттың әрекеттерінің бәрлығы көрініп қалыпты. «Жасыл ел» орманының тұрғындары жарқанаттың ісіне қарап, не айтарын білмей айтып қалған. Көгершіндері сенбей, жандарында жүрген жарқанаттың жамандыққа барғанына илана алмапты. Шүттенде күмәнденбай тәтті ұйыда жатқан көгершінге болған оқиғаны айтып беріпті. Көгершін өзінің жан серігі, адал досы, айрылмас жолдасы жарқанаттың мұндай іске баратынын үш ұйықтаса түсінде көрмеген еді.

Жарқанат көгершінің алдындағы кінесін түсініп, тез есін жиыпты. Ел назарынан қашып, ең қараңғы, адам аяғы баспайтын үңгірге барып тығылыпты. «Күндіз шықсам, көгершінді кездестіріп, ұятқа қаламын» деген оймен жарық кезде далаға мүлдем шықпапты. Содан бері, жарқанат қиянат жасаған досы көгершінінен ұтылып, қараңғы, қуыс жерлерді ғана мекендейді екен.

Айша Бибі ҚАЙЫРБЕК, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық колледжінің студенті



Жалған жолдас

Ерте, ерте, ертеде бір бағбанның бақшасында арманшыл картоп өмір сүріпті. Ол аспанда қауықпап ұшуды армандаған екен. Жанындағы басқа көкөністер оған күле қарап: «О заман да бұ заман картоптың ұшқанын қайдан көрдің?», «Біз бар болғаны көкөніспіз ғой» дейді екен. Бірақ бұл сөздер арманшыл картоптың арманынан бас тартуына еш кедергі келтірмеді. Ол күні-түні аспанға қарап, құстар мен ұша алатын әулеті жөндіктерді қызыға бақылаумен жүреді.

Бір мезетте сол картоп өмір сүретін бақшаның бір ағашына шымшық құс ұя салады. Картоп ол құспен достасты ойлайды.

– Сәлем! П.С, сәлеместі! Құс болса жалтақ дауыс қайдан шығып жатқанын іздейді.

– Мен төмендемін. Құс жерге қараса, бір домалақ картоп шақырып жатыр екен. Құс жерге түсіп, картопты айнала секіріп қарап-қарап, қайта ұясына ұша жөнелді. Картоп құстың бұнысын түсінбей «Ой, бұның не, мен сенімен достасайын деп келдім» дейді. Құс қайта жерге түсіп, «құс пен картоп дос бола алмайды» деп картоп таң қалып қарап тұрады. «Менен қорықпайсың ба? Сені шұқып-шұқып жел қойсам қайтесің?» дейді. Картоп қорқып қалады. Бұны көріп құс мысықпадан күліп, ұясына ұшып кетеді. Көңіл-күйі түскен картоп өз орнына барып жайғасады.

Солан күндер өте берді. Бір күні қатты жел тұрады, барлық көкөністер жердің астына тығылады. Ал шымшық құс қайда барарын білмей шыр айнала ұшады. Қатты желді көтере алмай құс желдің өкпінмен барып бір темірге соғылып, қанатын бір шегеге жаралап алады. Біршама уақыттан соң жел тоқтап, күн көзі көрінеді. Көкөністер жерден шығады. Құс бар күшімен бір қанатын сүйреп, ұясы бар ағашқа келеді. Қараса ұясын жел бұзып кетіпті. Осының бәрін көріп, құс қиналып жылпай бастайды.

– Ей, бұның не, неге жылпайсың? – дейді картоп жанына келіп, Құс үн қаптады.

Ұшығым картон

«Жарайды, айтқын келмесе өзін біл» деп кетіп бара жатқанда әлгі құс:

– «Тоқта, сені ренжіткенім үшін кешір, мен дәрменсіз күйдемін. Жылы ұямды жел ұшырды, қанатым жаралы, сол үшін жылпаймын», – деді. Құстың үн қатқанына картоп қуанып кетеді.

– «Ұайымдама, мен саған көмектесемін», – дейді. «Қазір, күте тұр» деп кетіп қалады.

Сөзден соң бір пышақ сынығын тауып әкеліп, жанында өсіп тұрған емдік шөптен бір бөлігін кесіп алады. Соны алып келіп, құстың қанатына жауып, ұясы сабағымен орап береді. Ұясын қайта жасауға көмектеседі. Сабақтарын тамырымен жалғап ағаш басына көтереді. Бірнеше күндер бойы жаралы құсқа қарайласып, жәрдемдесіп жүреді. Екеуі жақсы дос болады. Осындай қажырлық арқасында құстың қанаты тез-ақ жазылып кетеді.

Бірде екі дос ағаш басында тұн аспанға қарап қиялдап отырады. Картоп: «Досым, білесің бе, менің үлкен, орындалмас бір арманым бар, аспанда сен секілді қауықпап ұшықп келеді. Бірақ оның орындалуы мүмкін емес ғой... Эх, жақсы, сау бол, мен орнымға барайын» деп қоштасып, көңіл-күйі болмаған қапында үйіне кетіп қалады.

Құс түні бойы досының айтқан сөзін ойлап, ұйықтай алмайды. «Мен досымның арманын орындай аламын ғой, ол маған осы кезге дейін қаншама жақсылық жасады.

Менің де бір септігім тиісін» деп ойлайды. Ұшып жүрген кезінде көрген жерлерінен, бір жіп пен қажетті заттарды тауып әкеледі.

Ертісіне таң атысымен досына келіп:

– Картоп досым, оян! – Кеттік! – А? Қайда? – Кел мында отыр, аспанға ұшамыз! – дейді.

Қараса құс жіпке кішігірім қаптық байлап, әткеншек секілді бір бұйым жасапты. Картоп оған отырып, құс жіпті тұмсығымен тістеп екеуі аспанға самғап ұша жөнелді. Картоптың қуанышында шек болмады.

«Әлемдегі аспан көгіне шыққан ең біріңші ұшқыш картоп мен болдым!» деп қуаныштан айқай салады.

Армандар орындалады, тек қана сол жолда үміт үзбей, талаптана білу қажет. Ордайым өзіміз жетеміз деген биік армандарға ұмтылайық, достар!

Шәдібай КЕНЖЕБЕК, М.Дүженов атындағы жалпы білім беретін №15 мектеп-лицейінің оқушысы





Айсамал САНСЫЗБАЕВА,
ауыр атлетикадан әлем
біріншілігінің жүлдегері:

«ЗІЛТЕМІР ДОСЫМА АЙНАЛДЫ»

Ираклионда 252 келі зілтемір қазақтң батыр қызына иіліп, әлем біріншілігінде Айсамалдың айы оңынан туды. Қоржында қола. Ел қоржынына жүлде салған жүйрік қыз Қызылордаға келе салысымен жаттығуға бет алыпты. Ауыр атлетикадағы аруды жүлдесімен құттықтап, сан сауалымызды қойдық.

– Айсамал, Грецидағы әлем чемпионатынан алған жүлденің құтты болсын! Ираклионда өткен жаһандық жарыстағы нәтижеңізге көңіліңіз тола ма?

– Көңілім толады, әрине. Серпе көтеруде 112 келіні бағындырсам, жұлқа көтеруде 140 келіні еңсердім. Жалпы бұл көрсеткішті күнделікті жаттығу жұмыстарында қайталап жүрмін. Өткен жылы Ташкентте өткен жарыстағы нәтижемен төмендеу болды. Онда 113 және 145 келіні көтердім. Бастысы, жұлдеге іліктім. Нәтижені одан оры жақсарту үшін жаттығу жұмыстары үзілмейді.

– Бұл көрсеткішті жақсарту қиын емес пе?

– Ең көп көтерген көрсеткішім 258 келі. Бұл салмақты одан әрі ұлғайтпасама жұлде алу қиындай береді. Быыл нәтижеме 10-12 келі қосу ойда бар.

– Жұлдегер аттанған қорғалық қос атлетке қарсы қандай тактика болды?

– Бір елдің 2 қатысушысымен сынға түсу қашанда қиын. Әсіресе тактикалық тұрғыдан. Жалпы бұл жарыста емес Пақ Хөкмен мен Кім Хенмен жолымыз әрдайым түйіспі тұрады. Қаншалықты әуелеті бар екенін де білемін. Екеуі де басты қарсыластарым. Ең бірінші тактикам зілтемірді көтерудегі 6 мүмкіндікті мүлт жібермеу болды. Балкердің де тапсырмасы солай болды. Тапсырмаға сәйкес 6-ауың да сәтті орындап шықтым.

– Жарыстың деңгейін қалай бағалайсыз?

– Греция ауыр атлетиканың негізін қалаушы мемлекеттің бірі болғандықтан мұндағы жарыстың барлығы жоғары деңгейде өтеді. Менің салмағымда сынға түскен 11 қатысушы да бәсекенің

тартысты өтуіне өз үлесін қосты. Жаңа Зеландия, Мексика, Бразилия секілді мемлекеттерден атлеттер келіп, жарыстың көркін қыздырды. Жарыс қожайындарына жоғары бағамызды бердік. Қатысушылардың барлығына жағдай жасалған. Көңіліміз толды.

– Соңғы көздері отандық ауыр атлетикадағы көрсеткіштер төмендеп кеткен жоқ па?

– Өрнарсенің шарықтайтын немесе құлдырайтын кезеңі болады. Сондықтан бір көрсеткішті ұстап тұру қиын. Қазақстан ауыр атлетикадан державалы мемлекетке айналғалы келтеген айып тағылып, жұлде салып жүрген жүйріктердің жолы кесілді. Бәсеңдеп қалғаны рас. Бірақ жаңа толқын өсіп келеді. Әлем рекордтары жаңаратын кезең алда деп есептеймін.

– Өзіңізге серпе мен жұлқа көтерудің қайсысы қолайлы?

– Ауыр атлеттер әрдайым екіге бөлінеді (күліп). Біреуі серпеде, енді біреуі жұлқа көтеруде алдына жан салмайды. Өзінің оң жамбасыма келетіні серпе көтеру. Өйткені серпе көтеру сайысында үздіктер қатарынан төмендеген емеспін. Мысалы, кешегі жарысты алып қарайықшы. 112 келіні көтеріп, 2 орымен аяқтадым. Алдында тек қорғалық Пақ Хөкмен болды. Ал жұлқа көтеруде 140 келіні көтеріп, қола жүлдені қанағат тұттым. Сондықтан серпеде әрдайым алдыма жан салмаймын.

– Балкерлеріңіз жарыс алдында қаншалықты мотивация береді?

– Ең ағашқы балкерім Мұхаммед Тұрысбеков ауыр атлетиканың леззатына қанықтырды. Шиелиде жүрген сәтімде балкерім әрдайым жылы сөзін арнап, зілтемірден алшақтап кетпеуді қадағалады. Енді қыз баласы әрдайым

құбылмалы болады ғой (күліп). Одан кейін Қызылордаға келіп, Арман Абадиев балкердің қол астына өттім. Жаһандық жарыстарға Арман және Нұрсұлтан Бахрадин дайындап, халықаралық жарыстарда жұлде салуыма мол септігін тигізді. Балкерлеріңнің жылы сөзі мен сенім білдіргені мен үшін үлкен мотивация. Жоғарыда айтқандай 6 мүмкіндіктен мүлт кетпеу үшін балкердің қолдауы жеткілікті.

– Айсамалдың жарысқа дайындығы қалай өтеді?

– Дайындықтың басым бөлігі жаттығу залында өтеді. Күнделікті жаттығу үзілмейді. Спорттың жанымызға серік еткеннен кейін алыстамауға тырысамын. Тіпті ағайын-туыстың той томағалы дегенді ұмытпаймыз. Ордайым режим сақталуы тиіс. Жаттығудан 1 күн қол үзіп қалсаң, күнделікті көтеріп жүрген нәтижеге әсерін тигізеді. Теориялық жаттығуға да көңіл бөлемін. Балкерлерімен қарсыластардың шама шарқын бағылаймыз. Дәл қазіргі сәтте зілтемір – отбасым мен досыма айналған.

– Алда қандай жарыстар мен жоспарлар күтіп тұр?

– Жоспар көп. Алда Азия және құрлықтық жарыстар бар. Қорғалық басты қарсыластарымынан өзү ең бірінші мақсатым болмақ.

– Сәттілік серп болсын! Қоржыныңыз алтыңға толсын!



ҚЫЗЫЛОРДАДА ҮСТЕЛ ТЕННИСІ ҚАНАТ ЖАЯДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазақстанның үстел теннисі федерациясының бас хатшысы Данил Папкен кездесті. Басқосуда облыс орталығында халықаралық стандартқа сай үстел теннисі орталығын салу мәселесі талқыланды. Өңір басшысы аймақта бұқаралық спортты дамытудың маңыздына тоқталып, спорттық нысандар мен дене шынықтыру секцияларын көбейту керектігін айтты.

Жыын соңында тараптар үстел теннисі орталығы құрылысын жүргізу бойынша пікірлесіп, жұмыс жоспарын нақтылады.

Айта кету керек, спорттық нысан құрылысына қажетті қаражат бюджеттен тыс, демеушілер есебінен жүзеге аспақ. Қазір құрылыс орны Сол жағалаудан нақтыланып, жоба-сметалық құжаттары әзірленуде.

«ҚАЙСАР» КӨШ БАСЫНДА



Футболдан ел біріншілігінің 5-турында «Қайсар» «Астана ж-ға» қонаққа барды. Нұр-Сұлтан қаласында өткен кездесуде қос команда бір-бір голдан соқты.

Алаң иелері матчтың 6-минутында 11 метрлік айып добын орындауға мүмкіндік алды. Қақпашы Нұрымжан Салайдын Бауыржан Ахаевтың пенальтиден тепкен соққысын кері қайтарған, алайда бас төреші Саят Суликанов Бауыржанға 11 метрлік айып добын қайта орындауға мүмкіндік берді. Қайта тебуге талпынған алаң иелері есеп ашып, алаң шықты. Кездесудің 13-минутында Дидар Жалмұқан Мағжан Бауыржанның асырған пасын ұтымды пайдаланып, есепті теңестірді.

Дицардың соққан голы кездесудің нүктесін қойды. 5 турда 13 ұпай жинаған «дала қасқырлары» турнирлік кестеде көш басында келеді. Енді қызылордалық команда 22-мамырда «Оқжетпесті» қабылдайды. Қайсар: Салайдын (к), Бауыржан, Бондаренко, Дылевский (Ануарбеков 80), Сламбеков (Байжанов 72), Құлмағанбетов, Жалмұқан (Алтынбеков 46), Жұмаханов, Сидоренко (Сахалбаев 46), Педро, Диалло (Махан 60).

БОКС: ФАВОРИТТЕР ЖАРЫС ЖОЛЫНАН ШЫҒЫП ҚАЛДЫ

Анадолыда арулар бокстан әлем чемпионатының жүлдесін сарапқа салуда. Ыстанбұлдағы аренада ширек финалдық сайыстар өтті. Жарыстың күндізгі бағдарламасында бес боксшымыз шаршы алаңға шығып, солардың төртеуі жартылай финалға жолдама алды. Олар – Алуа Балқыбекова, Жайна Шекербекова, Карина Ибрагимова, Валентина Хальзова. Ал кешкі бағдарламада сынға түскен Дина Жоламан да жүлдегерлер қатарынан көрінді.

нашар даярлықпен келгені сырт көзге анық байқалады. Осылайша Түркияға сапар шеккен 12 боксшының тең жартысы жарысты аяқтап, қалған

Жайна Шекербекова көтерілді. Италиялық Олена Саэчукке қарсы

Валентина Хальзова аустралиялық Кэй Скотттен қолғап түйістірді. 36 жастағы жасыл құрлықтың өкілі 2016 жылы Астанада өткен әлем чемпионатында күміс медальды жеңіп алған еді. Ол кезде Кэй 81 келі салмақта өнер көрсетті. Одан кейін салмақ күйі, өзінен алдыда жеңіл қарсыластармен жұдырықтасуды жөн көрген екен. Бірінші раундтан бастап тәлғәді өз қолына алған Валентина қарсыластың еркін кесілуіне еш мүмкіндік бермеді. Төрешілер бірауыздан Хальзованың мықтылығын мойындады. Бесінші болып шаршы алаңға шыққан Гүлсан Ержанның (81 келі) литвалық Габриэле Стоккутеге әлі жетпеді. Ал кешкі бағдарламада Дина Жоламан (54 келі) Елена Зекин пен шеберлік байқасып, төрешілердің шешімімен жеңіске жетті.



сайыста дұрыс тактика құра білген Жайна жеңіске жетті. Карина Ибрагимова осы межеде мықты қарсыласқа тап болды.

Ол Еуропа ойындарының күміс және Еуропа біріншілігінің қола жүлдегері ирландиялық Микаэла Уолшпен күш сынасты. Алайда қарсыластың атағынан өз қайымқаған Карина көздеген мақсатына қол жеткізді.

алтауы ширек финалға жолдама алған еді. 48 келі салмақта сынға түскен Алуа Балқыбекова үндістандық Ниту Нитуды әдемі ұтса, іле-шала ринкте 52 келі салмақтағы

ҚАМШЫБЕК ҚҰРАМАҒА ҚАЙТА ОРАЛАДЫ



Қазақстанның бокстан ұлттық құрамасының бас балкері Қайрат Сәтжанов LifeSport KZ YouTube-арнасына берген сұхбатында Қамшыбек Қоңқабаевтың командаға жақын арада оралатыны туралы айтты. «Қамшыбек 6 немесе 2 шілдеде жеке-жеке шығарды (кәсіпқой бокста), кейін ұлттық құрамаға қосылып, Азия ойындары аяқталғанша осында болады», – деді Сәтжанов.

Қамшыбек Қоңқабаев (5-0, 4КО) кәсіби рингтегі осыған дейінгі жеке-жегіп ақпан айында өткізді. Ол өзбекстандық Фарух Джураевті екінші раундта нокаутқа түсірді. Қоңқабаев кәсіпқой боксқа алғашқы қадамын 2020 жылы жасады. Бірақ әуесқой бокстан әлі алыстаған жоқ.



Саяхаттау әдейіме айналуы тиіс


Саяхат – қанша ақша шығындасан да, өзінді одан бірнеше есе бай қыла түсетін жалғыз нәрсе. Соңғы жылдары осы бағытта туристік агенттік ретінде кәсіби дөңгелегіт қана қоймай, мыңдаған адамға ерекше әсер сыйлап, тур арқылы өзін де, өзгені де байытып жүргендер көбейіп келеді. «Қозғалу, зерттеу, саяхаттау – өмір сүру дегеніміз осы» дейді Ганс Христиан Андерсен. Тарихи мекендерді танытып, талайдың өмірінде саяхаттауды әдетке айналдыруға септігін тигізіп жүрген Абылай Шайхыслам – «Orda Travel» туристік агенттігінің иесі.

Жас болса да бас болып, жауапкершілігі жоғары жана салада өзін сынап жүрген азаматтың айтуынша, саяхаттауға, демалуға қаржысын аямайтындыр қатары артып келеді. Агенттік ұйымдастыратын турлар жайлы ақпаратты инстаграм әлеуметтік желісіндегі orda_travel парақшасынан білуге болады. Тіпті, мұнда саяхат-құмар оқырманның саны 20 мыңнан асқан.

Айта кетейік, агенттік 2020 жылы желтоқсан айынан бастап жұмыс істеп келеді. 2022 жылға дейін де үзіліссіз саяхаттар жүргізіліп, біраз қызылордалықтарды қуантауда. Турдың иесі Абылай Шайхысламның негізгі мамандығы – ғылыми математика. Дегенмен ол қазіргі таңда мыңдаған адамға ұмытылмас әдемі әсер сыйлап, өміріне ерекше леп әкелетін рухани, физикалық демалдыратын тур агенттіктің жұмысын толықтай қолға алған. Үлкен қалаларды тур агенттіктердің жұмысы жанданып жатқанын көрген ол жеке өзі осы саланың қыр-сырына үңіліп, өңірдегі алғашқы турларды ұйымдастыра бастаған.

Агенттіктің ең алғашқы саяхаттау нүктесі – Шымкент қаласы маңындағы Тау самалының қысқы шаңғы базасы болыпты.

Шымкент пен Түркістан қалаларындағы негізгі 5 локация: Арыстан баб, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Гаухар ана, Отырар қаласы, жана Венеция аталып кеткен Керуен сарайы. Қазіргі таңда тур арқылы Өзбекстан мемлекетінің екі ірі қаласы Ташкент пен Самарқанд қалаларына да жол ашылды.



«Біздің туристер Алматы облысындағы Көлсай – Қайыңды – Шарын локацияларына жиі барады. Жылдың әр мезгілінде Бұрабайға, Шымкенттің көптеген локацияларына түрлі тур ұйымдастырдық. Осы аптада 160-ыншы турды ұйымдастырып, аяқтадық. Және де осы уақытқа дейін бізбен бірге 13000-ға жуық қызылордалық, астаналық туристер саяхат жасады. Әсіресе, бұл тур астаналықтарға ерекше ұнайды. Біздің турдың ерекшелігі – әншілер, өнер адамдарының гид болуымен көңілді сапар болуында әрі тарихи құндылығында. Себебі біздің гидтер саяхат барысында түрлі мекеннің тарихына тоқталып,

сол жерге қатысты аңыз-әңгімелермен таныстырып өтеді, яғни жерлеріміз тек қана демалып қайтпайды, сонмен бірге танымын кеңейтіп, жана ақпараттарға қанығып, тарихтан сусындайды. Сондықтан бір рет бізбен саяхаттаған жан қайтадан жаңа сапарға шығуға асығып, жана мекенмен танысысы келіп жүреді. Бұл – біз үшін де үлкен қуаныш», – дейді кейіпкеріміз.

Тур агенттіктер шетелдерге шығатыны да жасырын емес. Соның ішінде Өзбекстанға алғашқы сапар 2021 жылы қазан айында басталған. Содан бері бұл мекен де туристердің сүйікті орнына айналды.

Абылайдың айтуынша, алдағы уақытта Қырғызстан мемлекетіндегі Бішкек қаласының таулы аймақтарын аралау да жоспарда бар.

– Алматының таулы локацияларына баруға сұраныс көп. Ташкентке барамын деушілер де күннен күнге көбеюде.

Себебі ол елдің тарихи мекендерінен білек «Magic city» аталып кеткен Диснейленд қалашығы ерекше сұранысқа ие. Бәрі сол үшін барады. Алдағы уақытта саяхат бағыттарын одан әрі көбейтеміз деген ойдамын, – дейді маман.

Турдың жұмысын жандандырып отырған топтың құрамында 20 шақты маман бар. Бірі мобилограф, бірі менеджер, бірі ұйымдастырушы, бірі көлік жүргізуші болса да, мақсат ортақ – саяхаттауға шыққан адамға сапардың сапалы болуын қамтамасыз етіп, жайлы демалыс сыйлау, естен кетпейтін естеліктер жасауға атсалысу. Сонымен бірге барлық бағыттағы турдың бағасына бару-келу жолы, гид қызметі, сапарға арналған бағдарлама кіреді екен. Мүмкіндік барда, неге пайдаланбасқа? Алтыдағы баладан алпыстағы қартқа дейін саяхаттауына мүмкіндік сыйлап жүрген агенттіктің жұмысы жаз маусымына орай одан сайын жанданатыны сөзсіз.

Дина БӨКЕБАЙ



„АЛТЫН САҚА“ ОБЛАСТЫҚ ЕРТЕГІ БАЙҚАУЫ

Облыстық «Ақмешіт жастары» газеті «Балалар жылына» орай 12-17 жас аралығындағы білім алушылар арасында ертегілер байқауын жариялайды.

Байқаудың мақсаты: «Балалар жылы» аясында мектеп оқушылары мен жасөспірімдер шығармашылығын қолдау, аймақтағы балалар әдебиетін дамыту.

1. БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ

1.1. Байқауды «Ақмешіт жастары» газеті және облыстық білім басқармасы бірлесіп ұйымдастырады.
1.2. Байқау шығармалары газетке және әлеуметтік желіге тұрақты түрде жарияланады.

2. Байқау шарттары мен тәртібі

2.1. Байқауға 12-17 жас аралығындағы облыстағы білім алушылар қатыса алады.

2.2. Қатысушылардың материалдарын жариялау 2022 жылдың 30 наурызынан басталып, 20 мамырға дейін қабылданады.

2.3. Материалдар басылмының aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru электрондық поштасына қабылданады. Тел: 40-11-10; +77784020511

3. Байқау материалдарына қойылатын талаптар:

3.1. Байқауға газет-журналға, сайттарға бұрын жарияланбаған жұмыстар қабылданады. Интернеттен, кітаптан және бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндерін пайдалануға, плагиатқа жол берілмейді. Бірлескен авторлыққа жол берілмейді (ертегіні бір оқушы жазуы тиіс).

3.2. Жұмыс мәтіндік редактордың Word түрінде жазылуы керек. Қарпі – Times New Roman, өлшемі 14, жол аралығы – 1, парақ өнімен теңістеу. Жұмыстың көлемі А-4 форматының 2 бетінен аспау керек (титүлде бетті қоспағанда). Жұмыстың титүлдік бетінде автордың аты-жөні, білім беру ұйымының толық атауы, конкурстық жұмыс атауы көрсетілуі қажет.

4. Қорытынды

4.1. Ертегі байқауының жеңімпаздары 1 маусым – Балалар күні қарсаңында анықталып, газет бетіне жарияланады.

4.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен бағалы сыйлықтар беріледі.

JULDYZ - JORAMAL

(19 – 25 мамыр)



Тоқты

Жоспарыңыздың көп бөлігі орындалмайын деп тұр. Егер сіз тырысаңыз керемет жұмыс тауып қалуыңыз мүмкін. Жақын жандардан да көмек сұраған жөн.



Торпақ

Қаражат жағы қалтаңызды жұқартуы мүмкін. Қиындық туындауы ғажап емес. Жақын арада кәсіп бастаған жөн. Сондай-ақ апта барысында денсаулығыңызға жіті көңіл бөліңіз.



Егіз

«Жұмыс, карьера» деп өзіңізді ұмытпаңыз. Айналыңыздағы адамдардан еш қорықпай, батылдық бола түсіңіз. Сізді ешкім де қорқытып, үркіте алмайды. Ойыңызға келген мақсатты нақты жоспарлап, орындай біліңіз. Жаныңыз қалаған нәрсені жасауға тырысыңыз.



Шаян

Махаббатта жолыңыз болады. Тек жүрегіңізді тыңдаңыз. Қаражат жағынан қиындық туындауы ықтимал. Сондықтан қаржыңызды үнемдеп жұмсаңыз. Жұлдыздар көп серуендеуге кеңес береді.



Арыстан

Сіздің айыңыз онынан туып, жұлдызыңыз жарқырайтын күн алыс емес. Жақындарыңыз қолдау көрсетіп, өзінді тағы бір қырыңыздан көрсететін кез туы. Егер сіз осы бетіңізден таймасаңыз, аз күнде биіктен көрінетінін анық.



Бикеш

Жақыныңызға сізден көмек керек болады, сондықтан қасында болғаныңыз жөн. Егер бір кездесу бола қалса, ол сіздің өміріңізді өзгертуі де мүмкін. Апта соңында күтпеген тосын сый болғалы тұр.



Таразы

Келп уақытты серуендеп, көңіл көтеруге арнаңыз. Қиын күндерді ұмытып, жаңа күнге жана көзқараспен қараңыз. Бұл апта сіз үшін өте маңызды, сондықтан шешімді асықпай қабылданың.



Сарышаян

Сізді маңызды бір кездесу күтіп тұр. Сондықтан жүрген жүрісіңізге де, киген киіміңізге де аса мән берген жөн. Қызметіңіз жоғарылап, көп жетістіктерге жетесіз. Дегенмен жақсылық жасаған адамдардың қадірін біліңіз.



Мерген

Өз күшіңізге сенесіз, әлі талай белесті бағындырасыз. Тек жоспарды бір пысықтап алыңыз. Отбасылық демалыстың сізге тигізер пайдасы зор болмақ.



Тауешкі

Уақытыңызды текке өткізе бермеңіз. Батыл әрі нақты сөйлеңіз, бір нәрсені ойласаңыз, жоспарды міндетті түрде орындауға тырысыңыз.



Сұқұйғыш

Аптада жоспарыңыз түгелдей орындалады. Сол себепті уақытты үнемдеген жөн. Сізді ерекше мүмкіндік күтіп тұр. Сондықтан барлық жақсылықты қуана қабылдай біліңіз.



Балық

Бұл аптаны отбасыңызбен өткізіңіз. Жұмысты, жоспарды ысырып қойып, жақын жандардың қасында болыңыз. Өмірдің қызығын сезініп, отбасылық жылулықтың қадірін түсініңіз. Апта сіз ойлағаннан да қызықты өтеді.

Көзешіл редактор: И.КЕНЖЕГҮЛОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мелдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 (7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8.172421.70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8059
Тансырыс: 793